


ҚАРАГӨЗ

Төрт актылы, жеті суретті трагедия



ҚАТЫСУШЫЛАР:

Қарғөз — бойжеткен.
Сырым — ақын сал, 25-те.
Ақбала — Карагөздің жеңгесі.
Жарылғап — экесі.
Мөржан (семіз бәйбіше) — Жарылғаптың шешесі, 70-те.
Жабай — Сырымның экесі.
Нарша — Карагөздің күйеуі.
Асан — ақын сал, Наршаның күйеу жолдасы.
Матай — Наршаның жолдасы.
Дулат
Коскелді
Дәuletкелді } Сырымның достары.
Дулат — ақын.
Текті құдағи — Наршаның шешесі.
Тойсары — бас құда, Наршаның ағайыны.
Егіншішал.
Балықшы шал.
Тойға келген әйелдер, қыз-келіншек, табақшылар.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Жарылғап ауылының сырты, дөң асты. Кешкі мезгіл. Жартас, өзен, қайыңды тогай. Қоңырлатып айтып келе жатқан ән естіледі. Үш жігіт шығады. Алдында домбыра тартып келе жатқан Асан бұлғақ.

Асан.

Баянауыл басынан бұлт кетпес,
Киядағы түлкіге құсым жетпес.
Ақбоз үйдің сыртынан аттандырып,
«Қош агатай!» дегениң естен кетпес.

(Артына айналып қарайды. Нарша мен Матаї үндемей салбырап келеді. Асан көтеріліп.)

Уң... кең дүниеге шығып сергіл қалдым ғой!.. (Жолдастарына.) Ой, шіркін!.. (Өлеңдете сөйлейді.)

Тенселе басқан тең жігіт,
Бейілі мырза кең жігіт;
Уа, бірін — жаға болғанда,
Бірін — берен жен жігіт!
Күйеумін деп сзылған
Женгелерге жем жігіт.
Неге мұнша вальдың,
Кайыспас деген ер жігіт?

Нарша. Асан, сен бұл күнде еркесің. Тұнығы бұзылmas айдын судың ак күсы емеспісің; көнілге жақса — отырдың, жақпаса — үштың, кеттің. Біз уайым айттып жүдетьіп жүрмесек?

Асан. Жарқынам, бас алып, құлақ тігісінді ұнатпадым. Сөз сарыныңда кейіс бар ғой, мәйін айтшы!

Нарша. Біздей жаиның кейісі не болу керек, сезбеймісің? Қол-аяғым сау, басым аман, өзім жас. Ағайыңның аялаған баласымын. Тоқпак жалды торының үйіріндей қалың. Досан бірімін. Өзімдей салтанатты қайныма

келіп жатырмын. Кыз... қызық... думан, той. Тек сонда да менде арман бар. Саған соны айтнақлын. Менің дертім — Карагөз...

Асан. Карагөз! Карагөздің ақ жүзінде мін бар ма? Оны хор жігіт олқысынбаса, кім кемсінеді? Ер жігіт арман етер алтын тақ, иран бақ Карагөздей-ақ болмас па? Не мін таптың?

Нарша. Рас, Карагөзде мін жоқ. Карагөздің ақылы мен көркі мен түгілі менен зор хан-қара, би-төрениң қайсысына болса да олқы келмес.

Асан. Енді не жетнейді? Каравуалдың асылы, күміс бойтеректегі бұлбұлы Карагөз болғанда, сен оның алған жары екенсін, не тілейсін? Мен үқладым.

Нарша. Карагөз ақылымен, мінезімен тұсау ғалып тұрғой маған.

Асан. Ой, тәнірі-ай, ақ батамс қосылған, ақ адап малы төләнген, күнеуі ұрын келген қалындық қайтып қана, не деп қана тұсаушы еді сендей — нардай жігіт күйеуін?

Нарша. Өзге кебін айтып не қылайын. «Көңілімді ала алмасаң, қарамасаң қабағыма, мені құшпайсың, маған берген малынды құшасың», — деді гой.

Асан }
Матай } Бұл қалай дегені! Қандай сөз бұл?

Нарша. Бәссе қай қалындық аузыпән шыгатын сөз еді? Бірақ сол сөз шықтығой Карагөздің аузынаи.

Асан. Е, салмайсың ба тыйымды? Тартқызбайсың ба ондай қырсық мінез сазайын?

Нарша. Қара күш пе, зорлық па?.. Зорлап құшам деп келдім бе мен өз жарымды.

Матай. Е, ата-баба жолы қәне? Тіпті не деп тұрғанын түсінбедім-ау осы мырзаны! Сазайын тарттырып, жазасын беріп салмаушы ма еді тұзу жолға?

Нарша. Оған қалса — ашудаи, қамышыдан оцай не болушы еді! Бірақ Карагөз ол құралды алғын тұрғой қолымнаи.

Асан. Қалайша? Бұл қалай болғаны?

Нарша. Ол сондай мінезді, биязы, нәзік. Бір ауыз қатқыл мінез қатаң сөз қатпастан, үзіліп-талған, өзек жарған асыл сөзбен, әйел баласынан өз басым көріп-білмеген сыйпайлық әдеппен жүйкемді құртып тұрған жоқ па?.. Тек бірак... эттең, бірак сейте тұрып сұлу Карагөздің өзі және мені жатқа балады гой. Жаңылмасам, жа-

ным деген жақыны бар. Менің қайғым — сол той. Алған жардың көнілінде, талассыз, зорлықсыз еркін көнілінде бірдің өзі болмасам, маган тірліктің несі сән. Бұл келген, күйеушілекен келістің несіне куанайын?!

Асан. Осы слідің сенімен бақ-талайын таластырап асылды кім? Соны айтшы маған?

Нарша. Кім екенін білмеймін.

Матай. Кім екені белгісіз. Бірақ соны білу керек. Сен таппасан табар жаш жок.

Нарша. Аты-түсі белгісіз болса да, бақ-талайы асқан дүшіпшым бар.

Асан. Карагөздің елінде атағы шыққан жас пері — Сырым бар. Ол жалаңған ер, жалындаған ақын, салтанатты сал Сырым... Өз ауылы «тентек» десе де, ол сұлудың албастысы.

Матай. Сырымың не? Оны не деп айтасың? Ол да Өсердің бірі емес не?

Асан (жарыса). Рас, Сырым болуға қисын жок. Ол қызың ағайыны. Аралары исіше ата екен осылардың? Тым жақын емес те ғой өздері.

Матай. Неше ата болса да, Өсер ауылы бір-бірінен қыз алысқан емес кой.

Нарша. Және шоқтай тұтас бір үйір емес не бұл ауыл?

Асан. Солай... Жеті атага жетпей, қыз алысар бұлар емес. Оған жеткенде де құда болыспайды ғой мұндаидай ауыл. Ал тегі (оіланып), бұл сліде Карагөздің сол Сырымнан басқа тені жок. Сұнқарың қарға шықнаса, арғымак — жабы болмаса, Карагөздей бойтеректің басын шалар қанат-қияқ жок. Мен мәнісін білмедім.

Матай. Өзге біреуді айтпасаң, Сырым деудің орын жок.

Нарша. Сырым демеймін. Бірақ «мен» деген дос — сендерден тілейтінім — осы жарамның атын атаң, тегін танын беріңдер! Карагөздей тектіге кез болмасам етті? Кез болған соң, онынан келсем етті! Мына шерді зіл-қара тастай көтеріп жүргенше, шыққыр жаным шықса етті!

Асан. Асыл жігіт, азба! Жасырынған жау жатагы табылар! Тек қана сыр ұшырын берік ұста! Аруағың әлі-ақ басады.

Жүріп кетіседі. Аздан соң сахиага сәнді киінген бір қыз, бір келіншек шығады. Екеуі де жұқа кара жібек шапан жамылған. Карагөз бен Ақбала.

ным деген жақыны бар. Менің қайғым — сол той. Алған жардың көнілінде, талассыз, зорлықсыз еркін көнілінде бірдің өзі болмасам, маган тірліктің несі сән. Бұл келген, күйеушілекен келістің несіне қуанайын?!

Асан. Осы елдің сенімен бақ-талайын таластырап асылы кім? Соны айтшы маған?

Нарша. Қім скенін білмеймін.

Матай. Қім екені белгісіз. Бірақ соны білу керек. Сен таппасаң табар жан жок.

Нарша. Аты-тусі белгісіз болса да, бақ-талайы асқан дұппаным бар.

Асан. Карагөздің елінде атағы шыққан жас пері — Сырым бар. Ол жаланған ер, жалындаған ақын, салтанатты сал Сырым... Өз ауылы «тентек» десе де, ол сұлудың албастысы.

Матай. Сырымың не? Оны не дең айтасың?! Ол да Өсердің бірі емес не?

Асан (жарыса). Рас, Сырым болуға қисын жок. Ол қызын ағайыны. Аралары неше ата екен осылардың? Тым жақын емес те ғой өздері.

Матай. Неше ата болса да, Өсер ауылы бір-бірінен қыз алысқан емес кой.

Нарша. Және шоқтай тұтас бір үйір емес пе бұл ауыл?

Асан. Солай... Жегі атага жетпей, қыз алысар бұлар емес. Оған жеткенде де құда болыспайды ғой мүндей ауыл. Ал тегі (ойланып), бұл елде Карагөздің сол Сырымнан басқа тені жок. Сұнқарың қарға шыққаса, арғымак — жабы болмаса, Карагөздей бойтеректің басын шалар қанат-қияқ жок. Мен мәнісін білмедім.

Матай. Өзге біреуді айтпасаң, Сырым деудің орын жок.

Нарша. Сырым демеймін. Бірақ «мен» деген дос — сендерден тілейтінім — осы жарамның атын атаң, тегін ташын беріндер! Карагөздей тектіге кез болмасам етті? Кез болған соң, онынан келсем етті! Мына шерді зіл-қара тастай көтеріп жүргенше, шыққыр жаным шықса етті!

Асан. Асыл жігіт, азба! Жасырынған жау жатағы табылар! Тек қана сыр үшірын берік ұста! Аруағың әлі-ақ басады.

Жүріп кетіседі. Аздан соң сахнаға сәнді киінген бір қыз, бір келіншек шығады. Екеуі де жұқа қара жібек шапан жамылған. Карагөз бен Ақбала.

Ақ бал а. Ұшығына жеткізбеген бір баласың той, әйтеуір. Наршаны менсінбейді дегенді жүртқа не дең айтарды білмеймін. Осы елдеңі бас көтерген жас жігіттің талайы тоғыз-тоғыздан жолын алып, сенең бір ауыз жылы жауап әпер дегендे, жалғыз сезге зар болып едік. Аяғына бір күн отырткан жоқ едің. Қашаннан келе жатқан іс еді мұның? Сені жолдан тайғызған кім? Соны айтшы.

Қарәгөз. Кім екенін айтпаймын. Осы жерде бүгін түсін көресің. Бұл істің басталғаны кеше ғана... Қара тұнді жамылып, жан сырын ашықсанға бір-ақ жұма. Содан бері екі-ақ көрістік... (Пауза.) Бізді қосқан жай желік пен құмарлық емес! Саған айтар ең үлкен шыным осы.

Ақ бал а. Атын аташы, ол кім?
Қарагөз. Ұзақ сапарға аттанарда өмір бойға, бір жолға женғелік қарыз өтеде дейтін тілегім болса, сол осы!
Ақ бал а (тоқтап тұрып). Жасыннан сырың өзге жансың той, Қозжақсым! Мені шегелемей қоясың ба!..

Бес-алты сал келе жатады. Ортасында — Сырым.

Қозжақсым-ау, мынау Жұас қайнағаның баласы той. Молда жігіт келе жатыр, ойбай! Бұлар бірдене сезген бе? Аңдып жүрмесін бізді? Элде әлгі келетіндерді аңдып жүр ме?

Қарагөз. Шыдай тұр... Бұлар жаулық қылмайды... Сырым бізге жау емес.

Ақ бал а. Не дейді? О да біле ме? Бұл тентек еді той, бірдеме дең, пәле бастап жүрмесін?

Салдар бұларға тұра жүреді... Теріс сәнді киінген. Қарагөз Сырымға карсы жүріп.

Қарагөз. Сырым... Жүргім!.. Сырым (құшағын жайып қарсы келе жатып). Қартұндей қасірет ортасында жалғыз шырақ-жарығым, мандайдағы жұлдызым! Торға түскен ақ totым... келші, күнім! (Екеудің құшақтарасады. Салдар күле қарасып, қосыла домбыра тартып қалады.)

Ақ бал а. Қозжақсым, мынау ойының ба, шының ба?! Алыстан тапқан ба десем, жана көрдің бе осы тентекті?

Сырым. Ақбала, айыбынды ал, жаным, тек жазғыр ма! Ол — Қарагөз, мен — Сырым! Қарагөздің Сырымған

артық жары болушы ма еді? Сөулөмнің менен өзге тені кім? Мен жылап жүріп тілеп алған.

Қарагөз. Жеңеше, Ақбала.. сүйгенім Сырым болмаса, мен жалғызыбын дер ме едім? Сенен көмек сұрап ма едім?

Ақбала (төмен қарал). Білмедім, шырағым... Тек өжөн мұны қарғағаны қайда?

Қарагөз. Әжемнің қарғағаны жетістіріп пе еді мени?

Ақбала. Тек түбін өзін біл, Қөзжаксым!..

Сырым (Қарагөзге). Ақбала да біздік екен ғой, сәулешим! Сен жалғыз емессің! Салдарым, Қарагөз әні кәне?!

Ақбала төменде, Сырым мен Қарагөз құшактасып тас басына ерлейді.

Дұлат (өлеңдете сөйлем).

Күзетші біз отырган сыртта барлап;
Манайда дүшпандар жүр жындан сарнап.
Екі асық, інтық болған мұратқа жет,
Жау жатсын іші күйіп онда зарлап!
Қошемет сөз айтамыз сендерге арналап,
Қостайды салдар сізді асық жарлап.
Мақұлдар теріс десе, жолын алсын,
Береміз қалы кілем, қара нарлап!

Сырым курсінеді. Салдар Ақбаланың айналасына жиналып, ақырындаң ән салып отырады.

Сырым (Қарагөзге). Қөрмесем деген зауал шаққа жетем бе? Не боламын сонда мени?

Қарагөз. Қайран, Сырым, жаң Сырым!.. Жат тағдыр жат ететін шаққа жеткізді гой мени саған.

Сырым. Не дейсің сен, Қарагөз? Арыздаса келіп пе ең менімен? Айрылысада шақ жетті дең түрсөң ба?

Қарагөз. Менде ерік қалды ма?

Сырым. Солай деп көнбіс боласың ба? Өртегелі келдің бе мени?

Қарагөз. Бірге өртенгелі келсем ше?.. Бізден аяған от бар ма?

Сырым. Соның үстіне өзің де көнірмен боп, менің көніліме тағы бір от тастап түрған жоқсың ба?

Қарагөз. Жаңым, Сырым қызғанышың балалықтай ғой.

Сырым. Я, мен қызғанамын. Мәл қызғанбаймын,

жер қызғанбаймын, жаның кетсін дүниес-мұлік, барлық тірлік — бірін де қызғанбаймын! Бірақ бір сені бар әлемнен қызғанамын, бар дүние көзінен қызғанамын! Корғатым, қоршағым келеді қанатым астында. Бөтеннің көзінен де қызғанамын. Бұл қызғаныш — табынатын тәнірім бүгін дәл менің! Сен не деп тұрсың? Менен сені айыратын жанның жазығы жоқ — Наршада айып жоқ демексің бе?

Қарагөз. Ол жанның дәл өз басында, шынымды айтам, әлі мен айыптар сүм-сүмдүк мінез көргенім жоқ.

Сырым. Не дейсің, Қарагөз! Кайтіп қана, қандай ғана отқа өртеп тұрғаныңды білемісің сен мені? Одан да салсаншы мына іспаңы менің жүргегіме!

Қарагөз. Олай деме, жаным Сырым!.. Менің бар дүниеден бөліп-жарып алғаным — бір ғана сен өзіңсің? Қандай азап көрсем де, қай қайғыда тебіренумен жүрсем де, жүргімнің түбінде құпия бол тығылған жалғыз бір сәулем бар. Өз ішімде жаңғап сол күнім, сөнбес жарығым бар. Эр қайғыда, қауіпте, әр түрлі қыснекта «сол жарығым, сәулем бар ғой» деп күйінген жаным жұбайның табам... Соным — өзіңсің, сен ғанасың! Бірақ Наршаны кінәламаймын дегенім — айтқаным айтқан. Ол то-пас болса, озбырлық, зорлық, қара күш иесі болса, оңай еді барлық емі! Ол мені өзгеше бір момындық, жуастық майдалығымен тұсағандай болады (*Ekeui айналып кетіп қалады*.)

Дулат (*Aқбалага шіле беріп*). Жаным-ау, әлі осы мен ай қарап тұрмын ба? (*Өлеңдетіп*.)

Күндіз-түні шарлаң,
«Қыз-қыр-ай» деп жас парлап,
«Ақтамак» деп жыл сарнап!» —

жүргендегі іздегенім — осы отырған Ақбала... Бәйтерек-тей жапанда, жалғыз біткен тақбала... емес пе еді? (*Аймалайды*.)

Ақбала! Адасып жүріп айға бата қылғандай, аяқсыз жүріп кез келгенінді мен қайтейін (*Құшағынан босанады*.) Біз десен, бұрын көрмеп пе ең! (*Күледі. Бұл топ сейіл қып құшақтасып өтіп кетеді*.)

Сырым. Мен бұл шакқа дейін сағым қуған Сырым едім. Тек сені ғана тапқаным өмір таңым атқанын, ашық арай алтын күнім тұғанын аңғартпаң па еді маған? Кеше ғана сэтке ғана адасып жүрген жанымның бағы ашылып, күні туыпты. Сен емес пе ең сол жаным тапқан жән-

нәтім? Содан бері мен түк дүниені көрмеймін де сезбеймін. Бар-бар айналадан бір сені, сені ғана көремін. Мен сені үнемі көрем — далада, ауылда, қара түнде, иесізде, айдалада, елсізде, әрбір салған әнімде, тартқан күйімде ұдайы көз алдында өзіңсің! Қарайсың да тұрасың... Со-лайсың сен, ару Қарагөз! Қарагөз ару асығым!..

Қ а р а г ө з. Есіл Сырым!.. Сен осында болмасаң, мен мұндай зарлық болар ма ем?! Жанағы бар сезің — менің аузынан шықпаса да, жаныммен күнде құния сыйырлаш, жалбарына айтып жүрген жайларым гой! Кеше ғана сыр анықсан сорымыз да!

С ы р ы м. Сені қара түнде, ак боранда, қатер үстінде ажалдан айырғанда, адасқан далаңнан тапқанда, «енді айрылmas бол табыстық» демеп пе ем мен ішімнен!

Қ а р а г ө з. Маган да сен болмасаң, өзге кісінің басы кайғы болар ма еді?

С ы р ы м. Маган барыңды айтып кет. Мені неге келтірдің? Кешегі қорғаншақтық болса, неге шакырдың бүгін мұнда?

Қ а р а г ө з. Сағындым, көргім келді, ынтыға сағына-мын. Есім кете сағынамын, жан құштарым! Сол ушін шақырттым... Әйтпесе менен бір ой шығады дедің бе?

Салдар қайта келеді.

Д у л а т (өлеңдете сөйлейді).

Ақбала, мен кайтейін кабағынды?
Элі де ұмытқам жок бағынды.
Ұрысып келген сайын дарытпайсын,
Басасың қашан тұзу аятынды?
Ақбала, мен кенейін тамағымды?
Ұмытам сендей қайтіп қарагымды?
Еріттің, елжіреттің, қызықтырдың,
Жан жанан, өзіндей жан жанымды.

Өтіп кетіседі.

С ы р ы м:

Сен менен кетсең, —
Антам болсын осы сез;
Жас тілегім, құшағым,
Бірге кетсін сенімем!
Сол тірідей өзгенім,
Шала жанып сөнгенім.
Сенсіз маган дүние тұз,
Өрттен қалған денем күл,
Өртеймін десен өзің біл!..

Сенсіз қалған Қарауылдың жайлауы көр. Жарық айлы тұн, жұлдызды жарық кеш неге керек сепең соң?!

Салдар оралады.

Дулат (*Карагөз бен Сырымға сөйлейді*):

Жас өмір сүлдір- күлдір әлі-ак етер,
Қызығың бірі қалмай, бәрі кетер.
Бүтінгі алмадайын Қаракөзім,
Сол күнде күйің не бол, күнің не етер?
Қарағым, көп күрсінбей сөзің бітір,
Құткен көп үйге қайтар кезің жетер.

Өтіп кетіседі.

Карагөз. Мал бергеннің жетегінде кетіп, іші өртсініп зармен өткен қазак қызы аз ба?.. Малға балап, батамен матап, мені де осылай көл қыздың бірі етіп қор етер дег ойласамшы осы шаққа дейін сорлы басым? Маңдайымға кеп тас тигенде — енді ғана бар қазасын, шер жарасын аңдашын. Бүгін ғана сенің жанында, аяулы асық жарым жашында осы дүние сүмдышынан үркіп тұрған жүрекпен бауырыңа тығыла тұра айтартым: лағынет, лағынет болсын сол қызықсымақ, сауыксымағына!

Сырым. Қостадым, жаным, жаныңмен үріккен зарайы!.. Лағынет, лағынет болсын сені тұтқын етем деген қаралық малы, арам малы, қалыңмалына! Қаңғыманың алды осы түннен басталсын!..

Карагөз. Жоқ жаным... Атама оны!.. Сен ертең мені ұзатқан жерге келесің. Тіпті мені баар жеріме де апарып саласың. Әйтле се бір емес, екі өлгеним...

Сырым. Жоқ,.. жоқ!.. Менің бармағаным артық! Мен елдің қызығын бұзып кетермің. Жаралы жас аюдай, дұшпан атаулыңың беті-басын жаралармың, мені босат!

Карагөз. Мені сен апарып салмасаң, көзім жасын кім тыяр? Кайғылы басым кім сүйер? Тілеймін, жаным!..

Сырым (ойланып тұрып). Олай болса, жарайды! Біз келерміз (*Карагөзді сүйіп айрылуға айналып*.) Қарағым-ай, Өсерден неге тудын? Тумағыр басым неге тұдым алтыншы атам Өсерден?! (*Кайғырып тұрады*.)

Салдар шыгады Ақбала мен Карагөз кете барады.

Дулат (*Сырымға*). Не дег жүдетьін кетті Карагөз?!

Сырым. Карагөз шыдамады. Біздің енді не болармызды құдай білсін. Бірақ Карагөзді Досан ауылына

апарып салатын болдық. Ертең — той, айтылатын «жаржар» бар. Қарагөздің кетер күні Қарауылдың елі мен белін күнірентіп неге кетпейді?

Дұлат (*бекініл*). Бәсе, Қарагөзімізді әкетстін жауларға, тым болмаса, бір оқ атып қалайық. Барып-барып жығылмас па екен? Әкетсе де, соққы жеп кетсін. Неге қарал қalamыз?

Сырым. Рас айтасың.

Коскелді. Бәрекелді, жақсы болды. Тілді безеп бір бағайын!

Дәулеткелді. Өзіміз Қарагөз кетеді дегелі жабы болып бара жатыр ек. Сілкінейікші бір!

Сырым. Жә, біздің жар тек болмайды. (*Көтеріле серпіліл*.) Біздің елең:

Қарагөздің жанына
Жара салған жарына,
Күніренткен зарына...

Дұлат (*иеле*).

Кайғылы болған халына,
Айырбас болған малына.

Коскелді.

Артта қалған ағайын —
Тұғаны мен барына...

Сырым (*басын изеп*)

Назалана, нальна,
Бетіп ашып тарыла...

Сейлекен сөзін жыр қыламыз. Осыған тіл безендер (*Аз тым-тырыс*.) Егес болса — егес. Мен Қарагөзден қалмаймын. Қудерімді үзбеймін әлі де: (*Салдар қосылыш, ақырын әндете*.)

Бәрекелді, сал Сырым,
Көрсетсенді сән түрін,
Тарқатсаңшы ой кірін;
Айтушы едің сен бүрүн,
Шырқатсаңшы ән бірін!

Сырым.

Баста олай болса, «Қарагөзге»!

Бәрі қосылыш ән салады.

Серінің кыз құтылмас талабынан,
Қалқатай, бір сүйгісөн тамагыннан.
Жеңгетай, тогыз торқа толып жатыр,
Сілкіп ад шалбарының балагынан!

Карагөз айым!
Калдын кейін!
Кеткенде сен алыска
Зар енірәйін!

Кетіседі.

А с а н (жалғыз шығып, өлеңмен сойлеп).

Кара шапан жамылғын,
Қызы кетеді бір жаққа.
Ән шыркатып қагынып,
Сал кетеді сол шакта.
Салқын кеште сейілғын,
Кім келеді бұла тасқа?
Жолығуга ыңғайлы
Болғандай-ак мұңдақса

(Гаңданып.)

Мәні-жөнін ұқладым,
Сонда да мұнда сыр басқа.

Ойланып тұрып, ақырын ықсырып журіп кетеді.

Ш ы м ы л ә ү қ.

ЕКІНШІ АКТ

Екінші сурет

Той күні. Бір топ әйел оқшау тігілген отауды көріп жүр.

1 - әйел. Қыздың отауы осы той. Анау дедегелерінен танып тұрмын. Ұзынтура кайнаганын бәйбішесі істеген. Іші қандай екен, кірсек қайтеді? (Үйге кіріседі.)

3 - әйел. Алғаш малын түгел жұмсағым деп отыр десіп еді семіз бәйбішени.

2 - әйел. Түгел жұмсал құтырып па? Онда қыздан олжа қылғаны қайсы?

1 - әйел. Бәссе, «бұл ауыл қыз сатумен байыған ауыл» деп сөйлейтін қауесет бар той.

3 - әйел. Бәссе, тегін болмас сол сез. Пәлен-батыр мол жасауы көрінбейді ғой.

1 - әйел. «Бұл жолы бермеймің, жасау-жабдығы дайын емес», — дескен екен. Қарагөздің наразы бол жүргенін сезіп, тоқтатпай беретін болылты ғой.

2 - әйел. Қарагөзді жолдан аздырып жүрген кім екен, ей?

1 - әйел. Досы кім екенін білген жан жок дейді. Эй-теуір мына күйеуге ырза емес деседі.

3 - әйел. Қорейікші күйеуін! Бұл үйді «жар-жарға» дайындаған койған-ау, тегі.

2 - әйел. Қыздың «жар-жарын» кім айтар екен?

1 - әйел. Жүр ғой осында салдар. Сырым да жүр екен. Бұл жолы қайтер екен? Өзгейін қызын ұзатарда «күйеүіне ырза емес» деп, қайдағыны айтушы еді. Айтыш болса, Қарагөздің наразылырын айтсыны, көрейік!

2 - әйел. Сырым тайсалар деймісің? Бұл қунғе шейін ой-қырына қарап көрген жок (*Тамсанып*.) Осы біртүрлі-ау өзі. Бетін бар, жүзін бар демейді.

3 - әйел. Мен тіпті жүзіне қарауға шыдай алмаймын кейде. Тек бір алмасы бар сиякты.

2 - әйел (*кулін*). Құрып қалғыр, қызығын жүр екен-сің-ау!

1 - әйел. Қызықса — несі бар. Жас болмап па жүрт?

Табақшылар өтіп жатады.

1 - табақшы. Ей, катындар, кісісі жок үйді айналдырғанша, ана ізденил отырған жігіттерге — күйеулер үйіне барсандаршы!

2 - табақшы. Тым-ак мөлдірел тұр екен. Бұларды кім керек қыла қойсын?

2 - әйел. Етінді тасы жөндел. Саған жігіт тауып бер, басымызды өткізе алмадық дедік пе?

1 - әйел. «Жігіт қарамады» деп саған жалындық па? Сұқсырай неме! (*Күліседі*.)

3 - табақшы. Бұлінбей-ак қойындар. Сендерге де өліп-талып тұрған кісі жок. Не қылсын өншең ашамайдай қып арса-арса кәріні!

Бұл топ кетіседі. Екі келіншек ерткен Ақбала келеді.

Ақбала. Ол жібекті мына шымылдыққа іл, оңайға қой, жар-жаршы қыздар жамылады.

1 - келіншек. Жігіт жағынан «жар-жар» айтатын Асан болады. Ол бір самар көрінеді. Қыздар ештеңе айта алар ма екен?

2- келіншек. Е, айтпай, бүгін туып па? «Жар-жарды» Еркемнің өзіне айтқызыса, Асанның әдібін қолына берер еді! Ұзатылатын қызы болған соң, иба қыладығой. Болмаса, Сырымнан екі елі айрылмай, өлең мен ән үйреніп, ойын-тойда тамам қыздын алдына түсуші еді.

Ақбала. Олар үшін айтатын кісі табылар. Молда жігіт дағдысынан жаңылмаса, жігіттерге косылар деймісің!

1 - келіншек. Эжемнен қаймықласа, ұрсады деп!

Ақбала. Қаймыгатын кісіні тапқаң екенсің!

2 - келіншек. Япыр-ай, әжемнен бай ауылшының бар еркегі осы құнғе шейін қорқып, сыйлап тұрады. Сырым неге соларша именбейді?

Ақбала. Жас құнінде өз шешесі өлгеннен бері жатбауыр болып кетті дейді гой.

1 - келіншек. Болса болар-ау! Өзі мына шешесінен өгейлік те көріпті гой бала кезінде.

Колында таяғы бар, жуай, семіз бәйбіше — Мөржан шығады. Жаңында күтуші қызы.

Мөржан (отаудың есігінен қарал). Болдындар ма, түге? Ақбала, мұндамысың?

Ақбала. Болдық, әже!

Мөржан. Тысқа кілем әкеліп жайындар! Жұрттың бөрі үйге сия ма? Қарагөз аттанғанша, күйеулерді төбекнен тік жүріп күт! Қарагөз қайда өзі? Ол үйінде неге отырмайды? (Ақбалаға оқашалап.) Мен бір сұық естідім. Осындағы қатын-калаштың аузына да жайылышты. Ол тағы не сұмдық? Сен білуші ме едің? Ауылға, аруак-қа нұксан келтіретінін ойлаймын деймісің сен? Сөзгеніңді айтпай, ішінде тығып жүрсің-ау, дәу де болса!

Ақбала. Несіне тығайын. Көзжақсымның ырза еместігі Наршага да мәлім болынты. Білгемең, мен қайтейін?

Мөржан. Нарша да біліпті дейді? Шынымен-ақ менің асыраган балам жаманатты болғаны ма? Мұның не білген ойы бар? Шақыр мұнда Қарагөзді! (Қыз кете-ді.) «Жетім қозы — тас бауыр» деп, қанаттыға қактырмай, туған шешесін жоқтатпаймын деп келсем де, бар қадір-қаснетімді басқа тенкені ме?! (Ақбалаға.) Мұны

бұзып жүрген кім? Наршадан асып тапқаны қайсы, мен сінбегенде?

А к б а л а. Әже, «Наршаны жақтырмады» дегені болmasa, басқа бір кісі бар деп ешкім ешбір сөз айтпайды. Мен де түк білмеймін.

М ө р ж а н. Я, сенгенім-ақ!.. Соның сенен жасырын қоймасы бар шығар! Баламның ойын бұзатың әзәйлі ніскемей-ақ білемін. Женгемін дег қас істемейтін істі сен сияқтылар істейтін сөзбейтін шығармын!? Тек қонақ аттансын, тап сенің ішіне су құярмын, бәлем! Білдің бе?!

Көп кыз-келіншек нөкөрімсін, сәукеле киген Қарагез келе жатады.

Қарагым, неге жүдеусің? Мынау отауыца «ұзақынан сүйіндір» дег оң аяғыңмен аттап кір. Атаң — күйеу, анаң — келін бол тілеу тілеп кірген ақ күмбезі осы болар!

Қарагез кірмей, үндемей тұрады.

Кір, жарыгым, жасық боламысың, шіркін, әлде не мене?

Қ а р а г ә з. Әже-ай, кірерміз де, шығармыз да. Оның несін ырым қылдың? Кай кыз «сапарымды онда» дег тілеу тілемейді дейсін? Соран қарал багы ашылар болса, кім тілемес? Жылы үядап шығып, жат қияға кетіп ба-рам, одан да батанды берсеңші!

М ө р ж ә н. Менің бата бермей жүрген балам ба едің сен?.. Ана сүтті, ақ батамды актамасан — саган серт, тілеуінді тілемесем — маган серт! — дегенім қайда? (Пауза.) Басқан ізінен сынайтын жаттың ортасына бара-сың, сақ бол! Әркөкірек қып өсірген өзім едім, өлиеуіңнен аума, жаным!

Қ а р а г ә з. Әже, мепі бір шаруага шақырттың ба? Әлде бір айтпагың бар ма еді?

М ө р ж а н. Иә, қарағым, айтпагым бар екені рас. Сенде осы қызығын қызықтағысы келмеген жадаулық бар дейді. Мен сенің жолында жаным шықсын деген анаңын. Саган жаманат тағылғанша, менің көрі басы-ма ол кайғыны салғанша құдайдың алғаны артық дег жүрген адаммын.

Қ а р а г ә з. Мен сонша жаманатты болышын ба? Не істепшін?

М ө р ж а н. Сенің қабағыңда қарал, Нарша да жүдел отыр дейді. Оның да көңілі сыйық сияқты маган. Осыдан

артық сүмдүк бола ма? Бұл ма еді менің күткен күнім?
Осыны тойға жиылған өсекші қатындар тобы сусылдан,
орданы жыландай ыскырып өсекке танып, жұртқа
жайып барды дейді. Карагым, мен сенен мұның жай-
жапсарын сұрамаймын.

Карагөз. Неге сұрамайсыз? Мені бұл болмаса —
күл болсын дегенің бе? Эйтпесе қызының күйін шеше
сұрап білсе, мін болар ма еді?

Мөржан. Жоқ, жаным, маган сұратна! Маган ол
күйінді тарттырма! Осы білгенім де жетер. Шешенің
ауыр салмақ көтерер сиқы жоғын ойла! Мына тойынды
куанышпен өткіз! Жабығыл, жасытына жолдасынды. Ой-
дагы мен мұндағы елінің жүргегін мұздатпа!

Карагөз. Кім болса да қолынан келгениң істер...

Мөржан. Балам, жоқ сүмдүкты бастама! Жүрттан
естіп жатқан сүйк сөз де жетер! Салғыласпа енді мені-
мен! Болды енді, үйге кір!

Қыздар үйге кіреді. Қүйеулер тобы шыгады. Бір бөлек
құда-құдагилар.

(Мөржан Наршаның алдынан.) Карагым Нарша, ұзары-
нан сүйіндірсін! «Қыз алғашна — қайын жуан, қыз алған
соң — қүйеу жуан» деген! (Қүйеулер тәжім етеді.) Енді
Карагөзім де бір, сен де бірсің. Екеуін де кара өзегімді
жарын шыққан баламсын. Қелиші бермен! (Наршаның маңдайынан сүйеді.) Өмір-жастарың ұзак болсын,
карагым!

Текті. Құдағидын мейірім түскен бала еді Карагөз.
Нарша екеуі тек ақ батанды актайтын болсын!

Жарылғап. Кемпір шешенің содан артық не тілегі
болады? Бәріміздің де тілегіміз сол болсын!

Тойсары. Ақ батасын берін, адал тілеуін тілеу —
ата-анаңың міндеті. Қол болған көп тілеуін тілеу, орын-
дау — адал туған ұл мен қыздың борышы.

Мөржан. Балаларым, кеудецие санаң болса, ұл-
кеннің тілеуі де, батасы да осы болар!

Жарылғап. Қәне, ойындарынды бастандар!

Дауыстар. Иә, енді ойын басталсын!

— Ойын басталсын!

— Жаршылар, шығындар көне!

— Қыз-келіншек күтіп тұр!

Күлкі. Салдар мен ел жігіттері болініп шыгады.

Жар-жар болса, жарши біз,
Айтысам деген ақын қыз
Бой көрсетсін тығылмай,
Сауығына макұлмыз.

Тәтті ауыздан дем кетпей,
Қысылып маңдай терлетпей
Айтысам десең, бастаймыз.
Тындаушыны шөлдетпей!...

Қыздар сыйырласып, жібек шөлі жамылыш, төртеу-бессеуі топтанып,
босағана таман келеді. Сахнага көп жолдастымен Сырым шыгады.
Бәрі сәнді салдар.

Асан (өлеңдегетे сөйлен).
Дауыстар. Салдар, салдар кследі! (Жол бері-
седі.)

Асан (Сырымға). Қай топқа қосыласың?
Жарылғап. Қай топқа қосылғаны несі? Бұл ер-
кек емес не, еркекке қосылады да.
Мөржан. Оны істесе, Сырым бола ма?
Сырым (өлеңмен сөйлейді).

Күлген кісі құлдер,
Күлмегенін тұнер;
Тілі орамды ішер,
Мұндауда ақын бір тұлдер;
Түлегенде не дер —
Оны Сырым білер.

Жалғыз-ақ тоитан тілек бар:
Тентек атты Сырым ғой,
Не сөз айтса албырта
Кайнамасын жігер!

Дауыс. Эй, байғұсым-ай! Жүрек шерін тарқатар
көсемсеркем осы да!

Сырым жолдастарымен үйге кіреді. Үлкендер ұнатпайды.

Мөржан (Жарылғапқа). Осы сияқты ыбылыс-
жынның жүрісін көрмесем деп ем! Бүгінгі күн тағы кез
келтірді ме?

Жарылғап. Оның-дағы жүргені аруақтың арқасы
шығар! Қайтушы едің жатша қуып, жатбауыр қып қай-
тесің?

М ө р ж а н. Мен қойдым... Бірақ бұл жүрген жерден береке шықпайды. Айтпадың деме!

С ы р ы м (*Карагөзге*). Қалқашым, мен бүгін текке қалам деп келгем жок. Баласы жаура тұтқын боп, өзіне оқ тиген жаралы жыртқышын — мен бүгін. Сені қамаган топты куанта алмасам, — урыспа!

К а р а г ө з. Мен сөзімді айткамын, Сырым. Именерім жок. Өзің біл!

А с а н (*тобымен «жар-жар» бастайды*).

Жар-жар айта біз келдік, еркем, сізге, жар-жар!
Айтысқан сез жарассын сіз бен бізге.
Куанышты тойынды құттықтаймын,
Тілеу тілеп алдысан үй мен түзге, жар-жар!
Еркесетіп өсірген бетін қакпай,
Жар атын да айтпаған зорын таппай,
Көп тілеулес ағайын ортасында
Бетін аштық сол сөздің келген ашпай, жар-жар!

С ы р ы м (*өз тобымен*).
Жар жақсы деп жаршылар көп айтады, жар-жар!
Әмир көркі жарменен деп айтады.
Жігіт айтса — күлкімен айтар сезін,
Қызы жыласа уайым жеп айтады, жар-жар!
Мен жырласам — жылаймын қайымды айтыв, жар-жар!
Іштегі өртті тығамын айтлай қайтып?..

М ө р ж а л (*шыдамай айқайлан*). Кер кеткениң аузынан кеселді сөз шығады деп, Сырым айтып тұрган сөз ғой мынаның бері...

Т о й с а р ы. Үрыспаңыз, бәйбіше, бұл да біралуан сөз шыгар. «Жар-жарда» әйел бала «ырза болдым» деген сөз сөйлеуші ме сіді, тәйірі? (*Асанға*.) Кәне, сендер неге тұрсындар? Айтындар!

А с а н (*тобымен*).

Лайық шыгар айтқаның ойда барды, жар-жар!
Не күйдірді, не жакты, қоңылді алды?
Қандай шермен жас жүрек қапаланды,
Нені сүйіп, не ңарсе қайғы салды, жар-жар!
Сейтсе-дағы мына күн — тілеу күні, жар-жар!
Қызық ет деп тосады епдігіні,
Қуанышты халайық арасында,
Шыгуна орын жок зардың үні, жар-жар!

С ы р ы м (*тобымен*).

Куанышты күн болса — тілеу болар,
Тілететін тілекті тіреу болар;
Куаныштың орнында қайғы болса,
Көңіл баяу, кез мұнды жүдеу болар, жар-жар!

Бүгінгі күн турленген қынаулымын,
Айналамда көз де көп сұнаулымын;
Іштегі дерт сонда да шықсын сыртқа,
Ырзалық жок мен зарлы жылаулымын, жар-жар!

Ұлкендер қобалжиды.

Мәржан. Уа, мынау менің баламның сөзі емес!
«А, құдай, оң сапарын бер, жолымды қыл!», — деп тілек
тілеудің орнына, менің балам мұны айтпайды, бүйтіп аз-
байды. Жаңағы сөз — Сырым сияқты жынның сөзі. Оның
адал ниет ақ батамен жұмысы бар ма? Шығарт бүлікті
қарағымның қасынан! Ойын деп тұр ма, баламның тілек
тілейтін сапарын?! Нені қекіл тұр өзі?!

Нарша (өз тобына). Шығар сөз шығып қалған соң,
бүркенгеммен бола ма? Қайғылы — жалғыз Карагөз
емес, Сырым да қостайды екен. Екеуі қосылып айтқан
соң, тындарасқа бола ма? Асан, айтқыза бер, арманы-
мыздан шығып, тындан қалайык.

Сырым (Карагөзге). Атқан оғым тиетін жерлеріне
тиіп жатыр. Менің ендігі жұбанышым осы-дағы (Өлең-
мен сөйлейді.)

Жаралауга жарасан,—
Мұратына жеткенің!
Сайрап жүрген ол бұлбұл
Ерігі жок болды құл.
Ойланып артқа қарасан—
Енді болдын сен де тұл!
Ерке тоты кеткенін
Аза салып қайғы қыл!
Жырла да жыла соны біл!..

Асан (жалғыз сөйлейді).

Тағы айтамын жылаудың орны бар-ды:
«Жар» үстінде шығармас іште зарды.
Ауру асыл болғанда, ойламас па,
Уақыт тығыз болғанда, орын тар-ды, жар-жар!

Сырым.

Басалқа сөз, еснет кеңшілікте, жар-жар!
Ежелден менің басым кемшілікте.
Жынын-той бәрімізге бірдей болса,—
Мен де ортақ қолга тиғен теншілікке, жар-жар!

Мәржан. Жә, тоқтат енді, бүйтіп айтқан «жар-жа-
рый» күрсыын! Сол Сырымға қосылып тұрган әйел кім?
Соны айтындаршы жалғыз-ақ маған?

Тек ті. Қой енді, мұнан арғыны тыңдар менің де жайым жоқ! Қарагөз айтса да, Сырым айтса да — же-тер осы сыйымыз.

Тойсары. Ендігі ойынын балалар мен жастар өзде-рі ойнай берсін. Біз үй жағымызға барайық.

Бұлар Асанмен бірге шыга береді. Сахнада, Мәржан, Жарылғап, Жабай, Сырым қалады.

Мәржан. Ей, Сырым, бермен кел! Кел алдымай! Жөніңді айтшы осы сен! Қозіме айт! Мына Жабай — сенің әкен, Жарылғап — Қарагөздің әкесі. Мен Қарагөз бен Жарылғаптың шешесімін. Сенің өзің түгіл, ақеде де шеше орнындағын. Исі, садағаң кетейін, Өссөр аулында — құдай кешсін айыбымды, аруағымның атын атап отырмын келін басыммен, — арылайын дег отырмын, — сенің ішінде жүрген қаңдаш шер-шеменің бар осы? Атан берші сол арманынды?

Сырым. Менен не тілейсіз, бәйбіше? Нені айтқызы-бак боласыз?

Мәржан. Барыңды айт деймін! Сен кім? Саған осы Қарагөз кім, соны айтшы?

Сырым. Мен Қарауылдың жігіті, Қарагөз — Қарауылдың қызы, ардатері де аяулы сұлуы.

Мәржан. Сол-ақ па айтарын? Одан бергі атац — Өсердің атын ұмытып тұрсың ба?

Сырым. Уа, ұмытқам жоқ, өлсем — ұмытармын ба, шеше! Отыз ауыл Өсердің он кос жылқысы бар, сонын, кем койса, бес косын осы Қарагөздей асыл ару, балапан балаларын сатудан жиган! Соны айтайын ба?

Мәржан. Тілің кесілсін сенің! Малды ауыл бонты, со да жаман бол па?

Сырым. Жаман деуге кімнің аузы барыпты? Осы отырған семіз бәйбіше — дәл өзің жылатып берген қыздың саны да Қарагөзбен тоғыз бопты. Соны айтайын ба?

Мәржан. Бар Өсерден танығаның, ташканың сол-ақ па? Өзің қайдаш шықтың, көргенсіз?

Сырым. Э... аталас дейсіз ғой! Арғы баба Өсерден бері Қарагөз екеуміздің арамыз алты ата. Санап берейін бе оны да әлде?..

Мәржан (*Жарылғап пен Жабайға*). Естідіндер ме мышаның сөзін, бұл заманың сүмдүк бастар ұлының тілін?!

Жарылғап. Апа-ау, алты ата екені рас емес пе? Соны айтқаны да сүмдүк па?

Мөржан. Сүмдүк!.. Мен мынау Жабайдың шешесін «Ак жеңеш» дейтуғым. Экесін «Момын қайнага» дең келем... Төрі түгіл, отының басынан ұзап көргем жоқ олардың. Бес ата, алты ата айыруны ма еді сендерді?!

Сырым. Аталас болса қайтеді? Алты атада қызы алын, қыз да беріснеуші ме еді?

Мөржан. Жеті атадан бері қай қазақ қыз алысын еді. Сүмдүк қой мынау! Не нале, не қаза көрдім мен бүтін! Кірсемші мен кара жерге!

Сырым. Ой, жарықтық бойбіше, мұсылмандық шаригатының алты ата түгіл немерені де қосады. Арада малмен шырмал, «бата» деп матап отырмасандар, Қаралғаз магаң, мен Қарагөзге бұйырған болсақ та көпір қалуымында етпес ек қой!

Мөржан. Тілің құрсын, жолың құрсын сенің!

Сырым. Менің жолым ендеше ол да емес! Сол қырсық бата, қарғыс қалың мал жылатып зарлатқан Қаралуыл қызының тегіс кара өзегін қак жарған қам-қайғысын жыр еткен, жар еткен Сырыммын мен! Қарагөз туында да солай еттім, солай еттім міне!

Мөржан. Жабай, Жарылғап, көрдіцдер ме мынаң сүмдүк тілін, сорақы тілін?! Осы тілін кеснесең, аруақ атсын екеуізді бірдей! Мен тіріде жанағы Сырым аузынан шыққан сүмдүкты енді қайтын Өсер баласы естімейтін, білмейтін етіп жерге тық! Тыйылмаса, тартышбаса — мына тұрған Сырымды бірге тық, бірге көм!

Жарылғап. Сырым, естір сөзді сен де естідің, біз де естідік. Исі Өсердің асқар таудай ақ шашты, аруақты анасының аузынан естідік. Жабай, сен екеумізге де бұл сөз жеткен болар, не дейсін?

Жабай. Мені тірі отыр деп отырсын ба осы күйде? Сырымның тагы бір өлтіргені десенші мені! Қаралғаз айтқаныңан, аузынан садага кетейін! Лебізіңмен өлейіш. Міне менің қос қолымың еркі өзіндеге, құлдық, ана!..

Мөржан (*Сырымға*). Қуарған ұл, кет енді аулымнан! Қарамды көрме, жолама! (*Тұрғып кетуге айналады.*)

Сырым. Бәйбіше, мен жалғап сөз айткам жоқ. Жарылсаң да және айтам: айтылған сөздің борі рас!

Нарша шығады.

Нарша (*Сырымға*). Сырым, сенің жалынды сөзінді ажалдыға кез келсін деуші еді жұрт. Бірақ шарай тоңтың көзіншे пушпағынан ілінген ажалды киік мен болам

ба? Азалы, қайғылы — жалғыз Қарагөз емес, сен де арманда дейім бе, мен не дейін?

Сырым (салқын). Шырағым, мені шенең қайтесің? Жоқ мен жөннен адасқан әуре жаңмын мен. Мениң елім — жылаған қызы мен соның көз жасын жырлаған жігіт; тіл алсаң — мені қажама! Сенімен шиеленіспей-ак қояйын.

Нарша кетеді. Жабай шыгады.

Жабай. Эй, Сырым, бері кел!

Сырым (тақап). Не айтасың?

Жабай (ашулы). Не айтатынды сол: әке-шеше болып айтқан сөзім даритын болса, сен мына бейбастыкты істемес едің гой! «Оке не дейді?» деп кымсынудан кеткен екенсін. Жатқа істеген ісің белгілі еді. Бұғын күйінген кісі бол келіп, Қарагөзге де мынаны істедің бе? Басқан із көрінбейді екен деме!

Сырым. Эке, атаң Өсер болғанмен, бұл ауылдың малдысы да, әлдісі де емес ен. Қайта сол Жарылғантан «қонысымды ап қойды, нішенимді жеп қойды» деп өзінде тізе көріп, олық жеуші ең неше рет! Тек Өсердін Жарылғантай жуанынын шылауында, ығында кеткен басың бар гой, сорлы әке! Соныңды істен тұрсың гой!

Жабай. Керегі жоқ ондай әреке сөзіннің! Мен Өссер намысын айтам, осы жөнінде тағы айтам: әйтсең ізденген бір пәлене ұрынғалы бара жатырсың! Тек бірақ аяғынды байқап бас! Айды екен деп ойлама! Біліп қой осыны!

Сырым. Сол ма?

Жабай. Сол... Сол, айттым — болды! Жеткен же-рін — сол, ұгар болсан! (Кетеді.)

Сырым (өлеңмен сөйлейді. Толғай).

Қайғы басқан қаяулы
Жарасын ашсам, жаклады —
Ұрасды маған бай аулы,
Шер жесе де шығарма,
Болмаса жаза талулы,
Маған да калғап күн каран:
Аттысы атпен шапқанда
Жаяуы куды жаяулы.

Шымбылдық,

АРДЫҢ АЛДАРЫНДА

ҮШІНШІ АКТ

Үшінші сурет

Наршаның ауылы. Қелінді тосып отырған жыны.

А с а и. Қелін келе жатыр, жақындаң қалды. Енесі мен абысын, қайнаға, қатарынды түзей бер!

Тек ті. Қатарымды түзеймін деп Қарагөздің алдында мен сзызылуши ма едім? Енді Қарагөз бізге сзызылсын! «Жар-жар» айтамын деп өлеңші ағасына ойындағы бар арманын айтқызыған жоқ па еді?

Тойсары. Ол үшін кекті болсаң, келінің қолына келе жатыр гой, жазығын мойнына алып жаяулап (*Күледі*.)

Тек ті. Қалай емекстікеніңмен, Сырым айтқан сөзді не қып ұмытайын! «Е, тәңір, иғілігін көрсет!» деп жүрген баламнан, «Мен менсінбеймін, ырза емеспін!» деген сөзді есітіп алып, енді мен немен жұбатайын өзімді? Тіпті сол жұқалағандарыңа ырза емеспін әуелі

Нарша. Олай болса, Асан сенің өкпендері қазір-ак алдыңцаш өлеңмен білдірейін деп тұр. Оны қалай көрестін?

Тек ті. Ол қай өлең? Беташар ма?

А с а и. Тіпті беташарды да қазір айтамын.

Тойсары. Айтам десең — айт. Қарагөздің жаныша еріп Сырым да салдарымен келе жатқан шығар. Шымылдық ішінде бар болса, оның да бетін аш! (*Күлкі*.)

Нарша. Мен білген Сырым болса, осы шымылдық ішінде сол да бар.

Ұлкей шымылдықты екі жағынан екі келіншек үстап әкеle жатады. Шымылдықтың ар жағында, Қарагөздің қасында Сырым да келеді.

(*Асанға.*) Сырым ойын-сауықтың перісі болып кетсе де, өткениң қаруын бір қайырып қалшы.

Сырым (*Қарагөзге*). Өз елім дер елім жоқ, туысқан-туған менде жоқ; осы сені қуантқан жерде қуанып, сені уатқан жерде уанып жүрсем, жетпей ме? Тек мына шымылдық осы күйінде алдында желбіреп отырсын да! Ақыретке апарса да, соның жетегімен өтс берем.

Дулат (*қасындағы келіншекті сүйіп*). Мына қалқалармен кайда барсақ та арман емес. Шұбата бер шымылдықты.

А с а н (өлеңдеге сәйлейді).

Уа, қызыл жібек шыммылдық бет пердеңіз,
Асыл келін олжакалы, жек көрменіз!
Қасында жіріт болса, бас жақсысы,
Бөтенсіп әлдекім деп шет көрменіз!

(Күлкі.)

Бет пердең толқынады майда жедей,
Қуанттың ел-жұртыңды келер-келмей,
Болғанда жасау басы — басты жігіт
Ел жок-ау Қарагөзді берген елдей!

Қ а р а г ө з (Сырымга). Сөзін жесір жібермей жауап бер!

С ы р ы м (өлеңдете сәйлейді).

Қызыл гүл дауыл үрып жерге сокты,
Ак тоты бүгін саған тұтқын болты.
Айдының ак құсындай қарағыма
Кез қыпты құзғындағы бассыз топты!
Қарагөз Қарауылдың ак маралы
Болғанда бетке сұлу, ой санаалы,
Женбесе бойын тежеп өз көңілін,
Ешкімнің әкелден жоқ айла-амалы.
Кісі түгіл жасаусыз келсе-дағы
Сендерде сырт беретін күш шамалы!

Т о й с а р ы. Сырым сәйлесе, шеттігіне іліндіріп сейлейді-ау! Өрге айдамаса, көңілі қонни ме! Асан, Сырым екесін әлі де талай шекісерсін! Енді мына қуанышын күтіп отырған ата-ененің алдында Қарагөздің бетін аш!

Ж а р ы л ғ а п. Елдін баяғыдан жол қып айтып жүрген сөзін айтты! Осы коспа сөздерің мірдің оғындағы болып, құлағымызға жат тиіп жүр. Тіпті біз елемесек те, мына құдагиларыңды жүдегестін көрінеді.

А с а н (беташарды бастайды).

Қелінен енді сейлейіш,
Көп дабырлап шуламай,
Құлағынды саласын,
Қатесі болса сөзімнің,
Осы отырған алеумет
Сынға салып қарасын,
Құлағың сап тыңдал тұр,
Қелінжан, менің тілімді!
Әдет жолын үйренбек,
Жас кісіге білімді,
Ақылсызға айткан сөз

Дала кеткен шығын-ды,
Бәрі сағай керек іс
Тыңдасаң, келін, жырымды,
Жырға қосып айтамын
Бар еснет сырымды.
Бұрынғы күнің — оалалық,
Ержеткен күнің — бүгін-да.
Келін бол келген қын іс
Жаңа өспірім балага,
Қызмет қыл иіліп
Ата менен анаға.
Өзіннен үлкен адамның
Бетіне тікке қарама!
Үлкен кісі келгенде
Кагарласып отырмай,
Кейін отыр панада.
Лажы болса шығып тұр,
Кайтканыша далаға.
Бұрынғыдай ойламай,
Сабыра етіп шыдам қыл
Аштың пенен тогыза;
Отырган адам көзінше
Әр жерінді қасыма,
Жауалының шұбаттай,
Дүрystан ора басына.
Астынан шығып жүрмесін,
Ие бол жүр шашыңа.
Біреу жаман айтты деп.
Болымсыз іске жасыма.
«Памен сүйдеп айтты» —
Жарыца сөзді тасыма,
Естісон де жаман сөз
Жүргенің жаксы жасыра.
Сендерге енді келейин:
Карт-карня, аталар,
Жапсарласа отырған
Жастары үлкен аналар —
Ақылы артық даналар,
Біздерге енді куаныш —
Жасы кіши балалар,
Бұрынғының бір жолы —
Келінді көрген адамнан
Көрімдікке мал алар,
Қайыненеге бір сәлем!

Шымылдық тәмсөндайді. Карагөз қасындағы уш-төрт келіншегімен
бірге иіліп сәлем етеді. Шымылдық түрлігендегі, Сырым жолдаста-
рының қасында. Келін сәлем еткен соң, шымылдық кайта құрылады.

Текті. Тәнір жарылғасын, абыройлы, бақытты бол,
балам!

Асан (келін сәлем еткенде Тектіге). Қөрімдігін ай-

тыңыз! Балаларыңың ішінде көркемдігі көп, ақылы артық келінің! Жалғыз қара болмасын. Түйе болса — боталы, бие болса — тайлысы.

Тексті. Қалағаның болсын! (Жұрт құледі.)
Асан.

Тым болмаса ен салдыр,
Түйенің кенже ботасы,
Биенің кіші тайна,
Малға шамаң келмесе

(Күлкі.)

Берсөң де ырза боламыз
Қалтағы құрт пен майына,
Қайнатага бір сәлем!

Шымылдық түрліп сәлем етіледі.

Тойсары. Ауданына атакты, ағайынга қадірлі, аулыңың көркі бол, қарагым! Қосагыңмен картаятын күнге жеткізсін! Үбірлі-шұбірлі бол!

Көп даусы. Бәрекелді, айтқаның келсін! Айтқаның келсін!

Асан (Тойсарыға).

Келін-келін, келіңіз,
Көрімдігін беріңіз;
Ала-құла деменіз,
Түсін айтып беріңіз!

Тойсары. Ентелеткеніңмен, саған мал берем деп өлең айтқызғаным жок. Ақ тілеуіммен Қарагөзді ырза қылсам — болғаны. Атын айтпай-ак айта бер қалған сөзінді!

Асан,

Койды берсөң — конырдан,
Өсеріне онынаң;
Абысынга бір сәлем.

Бұрышыдаі сәлем етіледі.

Тексті. Асан, балаларды шаршаттың гой деймін. Өлеңің де бітті гой. Енді рұқсат қылайық, үйге кірсін.

Бұл уақытта сахнага Мержан бәйбіше де некерімен келеді.

Асан. Өлең біткеніңен құдай сактасып! Әншейін өз-

дерің үйге кірсін демесеңдер, мен ала қаптың аузын жаңаған аштым.

Келіндер үйге қараң жүреді. Асан өлеңдете сөйлеп:

Жаңа өмір, міне, туды атқан таңдай,
Балалық дәурен өтті, кетті шалғай.
Кызыл жібек шымылдық мұнда экелді,
Ақ үйін алтын сарай енді болғай.
Ағайын тілеуінде бірі қалмай,
Көп тілеуі қалған жоқ сірә болмай.
Атта да он аяқпен босағанды,
Тілеп кір «бере гөр» деп өмір балдаи!

Тойсары. Бәрекелді, жақсы айтасың, айтқаның желсін! Карагым, келің, осының тілегін сен де тілек қыл. Артынды онда көгертиң, алдыңды мұнда жасартсын!

Келіндер мен салдар үйге кіреді.

Мөржан. Карагөзім ақылымен толғанса, кімнен кем болар дейсің. Койнымдағы алтынымдай сақтаған асылым емес пе? Құдай бүйірың, аруақ қолдаса, әлі-ак аулыңың басы болар! (Кетіседі.)

Нарша (төмен салбыраған қалпынан көтеріліп, Карагөзді оңаша ертіп бері шығады). Карагөз, ондағы... ол еді, бүгін міне — мұнда келіп көріп тұрғаным тағы мынау! Осындаі оттай шарыған үят тегі жалғыз мені гана үялта ма, әлде саган да шарип соғары бар ма? Шынымен-ак осының бәрі үшін мен гана күйіп-жаның жерте кірейін бе?

Карагөз. Рас, сіз шын киналыңсыз! Сізге солай батқаны маған да батады.

Нарша. Бәссе, біз ерлі-зайың, ер мен жар болсақ, ортақ емес пе еді мұндайлық жара-жаза дөрттері!

Карагөз. Тек жазықты сіз де емессіз, мен де емесніш! Дөрттің шыны сонда ғой...

Нарша. Сырымың аузынан шықкан ашы сөзді мен айтқызғам жоқ кой. Айтқызбақ түгіл, өзіме сермелген сондай қанжар сөзді жатқа да тілемес едім, Карагөз!.. Бірақ сенің ықтаниярынан тыс, сен тілемеген, сениң рұқсатың болмаған жай болса, оны айтуға кай ауыздың жөні бар еді?

Карагөз. Оныңыз рас болғанмен... жөні-шыны, мәңі-сыры басқа күй тағы бар гой! Мен тұсаулы болғандығым үшің күйікті болсам — кайтейін!..

Нарша. Ойпыр-ай, Карагөз-ай, не дедің? Бұлай

болғанда, біз ақ тілеу, ақ бата, жазықсыз ата-ана косқан жас зайылтар емес, тұсау мен бұғаудағы, айдау-жанзадағы сорлылар екеміз ғой!.. Осы ма еді айтпагы?..

Қарагөз. Сол айтқаныңыздын бәрі болмастан, түү бастаң тек өзіңізben өзім болып ұшырассам... басқа болар ма еді менін жұлдызым! Жаңағы атағанның бәрінің аты, жиын аты, еріксіздік болса, менің бүгін үріккелім, жатырқаган қарсылығым, сізден де тітіркене тартынуым — бәрі сол зорлықтан болып жатса — не дейін? Сіздің адамшылығыңыз, маган сонша ерік беріп, осындай сейлеметіл тұрғаныңыз да мені өлдердей үялтады. Жаңымды жегендей қала-қайғыға салады. Міне — мен ез алдыңызда... бар шыным, бар сырыммен аян бол тұрғым осы. Сұрадыңыз — айтпасқа амалым жок. Мен шың дерттімін!..

Нарша. Қарагөз, ауулы ару Қарагөз!.. Сені мен мендег шермендені қазақ баласы білмеген-көрмеген де болар. Бірақ енді мен жетер жеріме жеттім! Сен менің, адал тілеу, ақ бата қосқан жарымсың! Сол жетті, болды! Енді шектен аспайық. Бұдан арғыға Наршаны сынама! Осыдан ары майысар мұршам қалған жок, енді тек сырарым ғана қалды. Естідің бе — сол-ак! (Қарагөздің беріп, Асанды шақырып алады.) Жүрт таркаған ба? Асан, менің жайымды сұраймысын, жок па?

Асан. Не дейсін, не қыл дейсін? Тыныщтық таба алмай-ак қойдың-ау, сен де!

Нарша. Бүгін танда тыныштық табар түрім жок. Жүргімнің түбінде зіл қара тас басып жаткандай.

Асан. Қарагөзге енді кімнін ортағы бар? Өтер күн етті. Қарауыл Қарагөзін ұзатты. Қайғының не орны бар?

Нарша. Маган Қарагөз бір қайғы болса. Сырым тағы екі қайғы болды. Мені назалағанын коя ма, жок па осы? Сырым менің жайымды ескеруі былай тұрсын, тіпті құнисн-күнге жау болып барады ғой. Қарагөздің бар сырын осы біледі. Маган соның білгенін біліп бер. Жасырса — менімен жау болғаны. Досым ба, жауым ба, соны айрып берші!

Асан. Казір осыны ис дең айтамыз оған? Қелмей жатып кінәласу лайық бола ма?

Нарша. Тәйірі, Сырымға ой-қыры бар ма? «Кеше келдім, бүгін кеттім» дей ме екен ол? Сейлесіп бер! (Нарша кетеді.)

Асан (отаудың есігінен қарал). Сырым құда, бері шығып кетші: жалғыз ауыз сөзім бол түр.

Сырым (өлеңдете сөйлейді).

Асан сал, сал ішінде бір алуаны,
Тозған заң, азған заман балуаны,
Сал болмай, көбінесе женге болып,
Жүргеш түрі мінекей қалып әні!
Жеткіз деп қандай сөздін тасымалын,
Қандай жан жіберді екен бозбаланы?

Асан. Уай, Сырым, кой, жаным! Сен менің соктық-
найтын кісімсің. Сенің сөзің асау қандай, басқа шашни-
тты болған соң, мен жырақ жүремін. Саған мен жол
бердім ғой, көп таласпаймын. Бірақ сейтсе де, сөз ба-
рымтасы жаман, жаман болады.

Үйдегі салдар. Олай болса, айтып жібер; ер
шіскіней — бекісней!

Асан. Жок, мен Сырыммен шайқаспай-ак, тыныш
жүрсем (*Сырым шығады*.) Сырым, саган белгісіз жай
жоқ. Сен дағдынаң жақылмайсын, бір бетсің ғой.

Сырым (салқын қарап). Иә, Сырымга сый істен-ак
жатырысын. Аңдадық.

Асан. Сен Карагөзді жылаған кыз дед шашпауын
көтердін, наразылық мұнын да айттың. Жүзі жүдеу, көні-
лі жадау күйінде жырлан келесін. Бірақ бұл сөзің екі
жүзді семсердегі болды. Екі басы бірдей ыстық темір
болды. Бір жағы Карагөздің қайтысын пыгарса, тагы
бір жағы Наршаны күйдіріп жатыр. «Әнеугі сөз -- анау,
бүтінгі сөз -- мынау. Сірі Карагөздің қайғысы Сырым-
наш жасырын емес, Карагөз өзі айттайты. Сырымның
мен де туысқанымын ғой, сөзген-білгенін айтса қайтеді?
Көптеп-көмектеп Карагөздің көзілін жазсак не стеді?»—
дейді. Бұган не дейсің?

Сырым. Мен айтсам, Карагөздің жүртқа білінген
наразы көңілін айттым. Ол Наршага да белгін болса,
менен исесін сұрайды. Жігіт сияқты жігітке сол білгені
жетпей ме? Одан ары бірде-біреудің атын сұраймын де-
се, менен оны біле алмайсындар. Мен Карагөздің басын
былғап, бұлдық сатын алмаймын.

Асан. Сырым-ай, маңайынды бастырмайсын. Бінде-
бір жаңға құрбы болмағандай жат тұрасын-ау! Наршан-
ның басы бір әйелге тен емес пе? Екеуінің тұз-енбегін
жарастырып жіберссен, аз көмек етемісін?

Сырым. Сырым — теріс біткен бір бұтақ. Калай
есіп, қалай басып бара жатқанымды мен өзім де білмей-
мін. Алдында мениң не күтілә түр! Кайда-кайда тартып

бара жаткан тағдырым бар?.. Бұл сәтте оны да білген, андаған мен емеспін. Сол Сырым сенің еліце келгенде, қайта туам дең келген жоқ. Жат елдің адамы болғанда, Қарагөзді жолға салып, жөнің түзеймін дең, мен балуан шығатын орын жоқ. Бұл сөзді өздерің ақылдас.

Жүре береді.
Карагез, Ақбала шығады. Карагез Сырымның қасына келеді.

Қарагөз. Мені тұншықтырып барады мынау ауыл. Тынысым біткен сияқты. Шатастың барамын. Есімнен айырыламын ғой деймін. Қайтермін, жаным, айтартмысың бірдеме?!

Сырым. Мені сөзден тыйған жоқпышың? Арман айтардан қалған кісі емесін бе мен!

Қарагөз. Рас, рас, жаным!.. Сенің жүдеген жүзің, шытынған қабағың менің үзілмес уайымым бол барады. Жаңа Нарша келіп тіл катып еді, оның да іші толған азап, шер...

Сырым. Сен енді соны коргамақ боласың ба? Оны да түсінбек, аямақ болғаның ба? Жанашыр, мейірбан Карагез жүргегі енді барды кепірер әулие-жүрек болғалы тұрғаны ма?

Қарагөз. Ол емес, олай емес, жаным Сырым! Ол жан қатаң болсаши! Бүйткенше топас, тоңмойын болса етті! Өз ойында жазықсыз ғой, сонысы қинайды. Оның басындағы уайымның қаніпалық көп екенін білмейсің бе? Бір жағынан намыс... намыс... «Қалындығы менсінбеді», — дегенді намыс көріп, ішіне бар дертін тықлақ боллады. Ол от өн бойын шарпиды; оның үстіне, беріп қойған малы, «алам, алдым» деген жесірі... бата... қырсық бата!..

Сырым. Ләғынет болғыр арамның малы! Ләғынет болғыр сор бата!.. Ендеше, соның бәрін айта кен, арылғалы, айырылғалы тұрсың ба тағы мениң?

Қарагөз. Жоқ, мен айырыла алмасын сенейн... Осы сәтте, әсіресе бар жан-тәніммен сезіп тұрмын. Сенен айырылу мешің сол жан-тәнімсі бірдей тұскен жарадай... Дәл бір ауыр терең жара — қаны сорғалап тұрған жарадай! Тек «айырыламын-ау» деген ойдың гана өз жарасы... Қазір жер тар! Сейлескім келеді. Мені тастама, шыдауга дәрменім жоқ... Ақбаламен ақылдасып, жақында онаша кездесетін орын байландар.

Сырым. Рас па? Тағы да айнитын болсаң, өзінді де, бізді де әурелеме!

Қарагөз (әлсіреп бұрылып бара жатып). Айттым рой!

Асан Қарагөзben бірге кетіп бара жатып, артта түрған Сырымға қараш өлеңдедеті.

Асан.

Сұлу қызы бел келіншек — елдін сәні,
Сұлу кеткен елдің де болмас мәні,
Сұлу қызы тоғайлы өзен бұлбұлдыңдай,
Бұлбұл кетсе тоғайдың жоғалды әні.

Сырым. Рас... рас...

Жүректің жатқа кетсе — қалаганы,
Үміттің қайта үзілсе — жамаганы,
Бетінен жат бол кеткен оралмаса,
Жас төгіп егілмеске шама қаны!
(Ah үрады.)

Асан. Эй, азамат, мына түрің тегін емес-ау (Basын шайқап.) Білмедім... білмедім!..

Шымылдық.

Төртінші сурет

Жарық айлы түн. Нарша ауылының сырты. Өзен, тоғай. Алысыракта құзетшішің әні естіледі. Сырым, Дулат шығады.

Сырым. Өзгелер қайда? Аттар дайын ба екен?

Дулат. Дәулеткелді мен Коскелді аттарды дайындағын, кешегі әк қайының түбінде тосын тұрамыз деп кетті (Пауза.) Бірақ бұл күнге дейін бір жұмысты бұл қалай деп сұрап көрген жоқ едім. Ал осы жолы дәл осы істің лайығын сұрайын деп тұрмын. Өзге болған жүрістің жолы — бір басқа. Мынауымызды жұрт не дейді осы?

Сырым. Осы сөзді шын айтып тұрмысын?

Дулат. Шын айтам. Сен істеген істен бойым тартын қалмаймын. Істеймін. Бірақ мәнін үғындыр.

Сырым. Коскелді мен Дәулеткелді сұрамай-әк еріп жүр гой. Соларда ең болмаса сұрай білетін ақыл бар емес пе? Сен олардан тартымды, сақ кісі болғаның ба? Неменеге қобалжыдын? (Пауза.) Бірақ сұрадың — айтайын. Сен жұрт құптайтың лайығы десең, «ол қандай

жұрт?» деп мен сұрасам — қайтесің? Жұрттың да жұрты бар емес ле? «Жұрт» деп мениң аталасым — Өсер ауылын айтсан, мениң бұл ісімнің де лайығы жок.

Дұлат. Өсектеймін, жаманатқа ұшыратамын деген Өсердің жау жандары аузына келгенін айта береді ғой. Мен оны өзіндей-ақ елемеймін. Тек өзімізше не деген жорық? Соның білдір деген едім.

Сырым. Ендеше, мен Карагөз жоқ жерде өз басыма тірлік жоқ дейтін күйге жеттім. Жолында жаным шықсын деген сүйгемін... Бүгінгі бар тірлігім де, тынысым да — сол!. Жаның құрбы жассың, досымсың. Жазығым болса — осыным ғана.

Дұлат. Осы жасқа келгенше, талайдың талаймен жақындастанын көрген ек. Өз басымыздан да көпті аткардық, бірақ дәл сен екеуіндегі жалындаң, үзіліп тұрған жандарды көрген жоқ ем. Бұл дүниеде болар деген ойлаған да емес екем. Жаңағы сұрағаным — сондай бір сипатынды сезгендей болған ем. Өзің де өзек жарған барды айттың.

Сырым. Жә, біздің осы күйімізде, осындай жалын атқаң шағымызда не жазық бар? Не сұмдық бар?! Карагөздің басын мен сияқтаның қандай эке сүйеді екен... Олардың «жан ашығаным», «жақсы көргенім осы», деген сезінің бәрі жалған. Ол бітпес жараны тілмен жалау. Маған айтқызбай, Карагөздің өзіне айтқызын көрши! Бірақ керегі не? Бұған қарайтын дүние жоқ. Мен сондықтан да ондағы-мұндағы ауылдың бар әлеміне жатпыш. Қөріп тұрсың, ендеше, міне — жалғыз осы-ақ жол қалды.

Карагөз бен Ақбала шығады. Сырым карсы козғалып:

Күнім-ай, мұнша неге жүдедің?.. Аппақ шөлмектей өнің калай еді, не болған?! Ауырып тұрмысың әлде?

Карагөз (*Сырымның мойнына білегін арта салып*). Ауру емесіні... Бірақ мениң бұл күнгі саулығымда не баға бар? (*Жылап, Сырымды құшақтан*.) Сөүлем!.. Мен су жүрек болуға айналдым. Өне бойым, жаныммен бір жаманшылықты сезгендей боламын.

Сырым. Не сездің — айтшы, күнім, айым?! Білдірші маған!

Карагөз. Білмеймін... Өзім де білмеймін. Не осы қайғыны көтере алмай өлемін. Не жүртқа бар сырымды езім ашып, соның ұттынан өртенемін. Уланың елтігей кі-

сідей маспын. Сенің кететініңді ойлаған сайын, ақын-естен айырылып, езіліп барам, қуатым! Біз ор жағалап жүрміз гой, құлаймыз ғой бір күн осыған. Не боламын, қайтып адам боламын? (Пауза.) Өттен, мына тор!...

Сырым. Сен тілінмен айтпасаң да, тек жүзің мен көзіңнен ұқпаймын ба, оқымаймын ба барынды. Жүзінді көрмесем, өз көнілімнің қайғысынан және де сенің жаңырынды жаттай оқимын. Енді міне — бұл қалыпта қалудың өзі өлімнен артық азап болды екеумізге де. Осыны ойлайық (Карагөз құшақтан жылайіды.) Жыламай, ойланып жол табайык. Мен өуелі сен ойлансын дед тұрмын.

Екеуі үндемей сүйісіп, сахнадан шығып кетеді. Сахнаға Ақбала мен Дулат шыгады.

Ақбала. Құдай-ау, өмір бойы маңына ешбір жанды дарытпай, ешкімге көзін салмай, жүрттың бәрін менсін-бей келгендे, мұны Молда жігітке кез қылыш, мұндайлық қасіретке душар етер ме!

Дулат. Ақбала, Карагөз бен Сырым ақыл-оға ешкімнег кем емес. Кінәластырсан, осы күнде де ешкімнен жеңілмейді. Біз бұл жагын қояйык. Өздеріне берейік те срэйік. Шың асықтың адамнан жауығана болмасын, досы да болсын. Ол — біз болайық. Бұл өз алдына. Ал жана сен «сезіктеніп жүрген кісі бар» дедің, сол кім — соны айтшы?

Ақбала. Бірдемені білген кісі сияқтанып жүрген бірен-сараң кісі бар. Бәрінен де маған сезікті көрінетін Асан мен Матай. Өсіресе Асан! Соның құйқылжыған түспалында бір нәрсені ішіне тығып жүрген жан сияқты.

Дулат. Таңай шытырманың ішінен бойымызды көрсетлей, аман шығушы едік. Бүгінде білініп бүлінсе, кім біледі?

Ақбала. Жай кісі сезбөгінмен, Асандар алаяқ сырқынды ғой. Өз басынан да талайды атқарған, жер танып алған жырынды қу емес не?

Дулат (*куліп*). Ақбала-ай, айналайын-ай, ақылшы болуға қандай жақсысын?

Ақбала (*куліп*). Е..., бізді қызы болмады, жас болмады деймісің! Өзің сияқты жол-жобаны үйреткен жандар да болған шығар (Күліп.) Жә, оны қой, мына жайларынды айтсаңшы!

Дулат. Мен білсем, Асан да басқадан жырынды-

лығы асыл, бірдеме сезіп жүрген жок. Осы тұста біздің бозбала мен бойжеткеніміз өздері олақ бол кетті.

Ақбала. Қайтсін!.. Құні, бітіп, құмарлығы асқан сайны сұлдер күрымас па!? Бұл екеуінікі әншейін емес, шын асықтық кой. Баяғының асықтары дейтін осылар екен той. Қалқам-ау, сынайын деп айтканым емес, осы соңғы бір жұманың ішінде Қазжақсым Молда жігіт жок жерде жады болған кісідей есінен, сезінен жаңылып, жай сөзімнің өзін үқпай кетеді. Мұлде ақылынан шатас-кандай бол та отырады.

Дулат. Рас айтасын. Сезіктенген жұрт сондайдан сезінің жүр.

Ақбала. Осыны сен Молда жігіт пен Қазжақсыма айтсан, сақтандырсаң не етеді?

Дулат. Жай-күй оған қалса айтартмыз. Тек қазір тұра тұр. Сырым Қарагазбен осы кеш басқа сөз сөйлес-келі келді.

Ақбала. О не сөз?

Қарагаз бен Сырым шығады.

Сырым. Мен сенімен уәделесін сөйлескенім жок. Бірақ қазір осы уақытта Даулеткелді, Қоскелді бізді ат ерттеп тосып тұр. Мен сені алып кетемін деп келіп тұрмын.

Қарагаз. Не дейсің?.. Қайда, жаным-ау?

Сырым. Қаракесекке — менің нагашыма. Бұл ел саған да ел болмайды. Сен мені сүйгелі, арсыдагы арманыма жеткелі мен тыныштықтан айрылғам. Сені ұзатарда «қайтып көрмейш, сінді мен қаңғып кетейің. Бұрынғы маған жок болсын!» деп едім. Мені елге тастамадың. Мен сонда енді өзімे екі-ак жол қалды дегем. Бірі — көз көрмес, күлак естімеске сені әкету. Сенің жолында, сенімен бірге құшағымды айырмай өлу. Бір қабырга бірге тусу. Енді біреуі — бөтендігім бөрідей болып, жұлдызып-жұлдызып кету жау жүртпен. Бүгін де міне — сол екеуінің, бірінен басқа таңдау қалған жок. Қай жолыма түс дейсін — өзің биле, өзің нұсқа! Құдірет өміріндей күтем мен сенен!..

Қарагаз (ойланып). Не деймін?.. Не айтартмын?.. Содан басқа істер шара қалмағаны да рас! Не бүгінгі күн бір-бірімізден айрылу, жат болысу... өлемін, үзілемін десsem де, бүгін саған «ере алмаймын» деген жауабымды беру керек. Не болмаса — етегінен үстай, еру!.. Мезгіл-

дің өлім сағатындаи бүйрек сағатына жеткені рас.

Сырым (құшақтан тұрып). Ойлан!.. Ойла да қазір бекің, байла! Екеумізге берген тағдыр таңдауы ешкімнің басына берілмеген. Қадірлей білейік қасиетін!

Осы шакта Матай ақырын бұғып келіп, бір ағаштың түбіне баспалап тұрады.

Осы сырымыз ашылмаған бетте бізге лағынет, қарғыс айтқаннан басқа, бүгінгі айналамызыда аятын, есіркейтін, жай үғатын жан жоқ. Ал іштегі сәулені, кос кеудедегі күн-сәулені бітеу жара қыл сақтал жүрер шама жоқ. Біз жасырын жүрсек, жалын үдел тағат қылуға, бойды женуге ырық бермес болды. Не маған «бетіңмен кест!» де, болмаса ер маған!.. (*Тым-тырыс.*)

Матай (сыбырлап, өзіне). Э... сүмдик мұнда маеді! Босе, сал-серілік жөні бір басқа. Асанның айтқаны келді ме? Енді мұны жағыз мен білмеймін... (*Сырымдарға қарап.*) Сендер сөздерінді пісіре беріңдер! (*Жүгіріп кетеді.*)

Қарагөз. Мені сен жендің. Сен биледің! Дүниеге тоқтауы жоқ, тойымсыз еттің! Енді адасқанды бетінен жарылғасын! Өзі берген қасіретін құдай өзі женілдетер әлде. Әлде бізге де жарық күн бар шығар? Екеумізді де жетімдіктің үстінде, аналарымыз қатар өліп жылан қалған күнде бір-бірінді уат деп, әуслі бауыр етіп үйір қылышп, артынан асық деп, жан дескен асық етіп қосым еді ғой. Бізді жаман ниет қосқан жоқ-ты. Мен саған еремін. Сырым! Ермеске жолым тар. Тыным бітті. Тәңір бетімізден жарылғасын!

Сырым (қатты құшып, сүйіп тұрып). Олай болса, бүгін кетеміз. Біз жалынды ыстық жар өмірін сүрсетіп боламыз; Қазір кетейік, сәулем!.. Аттар тосып тұр.

Қарагөз. Сырым, құдай қосса, бұл байлау нық байлау. Енді көнілге құдік кірмес. Бірақ шыдау керек. Бұл ниет бүгін орындалмайды.

Сырым. Енді қашан? Неге орындалмайды?

Қарагөз. Бізді аятын туған-туысқан болмаса да, мына ауылда біздің ауылдың бар үлкені жатқанда кеткеніміз лайық емес. Солар кеткен соң болсын болар іс!

Сырым. Бізді қуса, жаулық қылса, солардан үлкен жау, солардан әрі кететін жат жоқ. Бірақ Қарауылдың елін елемей, белін сындырғандай болармыз. Бұл сөзінді тेңіс дей алмаймын. Солар жеткен соң-ақ бетті тұ-

зерміз: Келші енді, кел, сәулешім!.. Күшақиен қоса, тілек
косайықши мәңгіге!
К а р а г ө з. Мәңгігел..

Дулат пен Ақбала шыгады.

Л у л а т. Уа, шіркін шерменделер... Дүниеден осы құ-
шақтарың айрылмай өтіңдер.

С ы р ы м. Қоне, Дулат, енді жаңа ниетке бір тілеу
тілеп, сөйлем жібер! Біз емін-еркін екеуіңің батаңды
алып тұрып сүйісейік. (Карагөзді құшақтан тұрады. Ду-
лат өлеңмен сөйлейді.)

Д у л а т.

Жолды онғар, тілекті бер, о, жасаган!
Кашсақ та, кусақ тағы сендей саған.
Болғанда дүшпандар көп, біз элсізбіз,
Сол үшін жүрек корқақ, үміт шабан.
Сактай ғор кара күннен аты жаман!
Дегендей тілек бітті, қызық тамам.
Екі жас арманына жолды онғарып,
Максатқа енді жеткіз есен-аман!

К а р а г ө з (жылап, Сырымды құшақтан). А, құдай,
осы тілек шын тілегім! Жолымды онғармайтын болсаң,
осы тілеудің үстінде ал!

Бұл сәтте сахнаға жылдам басып Нарша, Асан, Матай,
Жарылғап, Мөржан, Жабайлар шыгады.

Н а р ш а (шыға бере сөйлем келеді). Аталы үлдің
азғаны мінекей... Мынау серілік емес, осалдық! Бұл жа-
сырының ашылып, абырайдың шашылғаны. Міне, әке-
лері — балаларың! (Еңіреп жылайды.)

Ж а б а й (ақырып). Құдайдың қарғысы тиғен жүзі
қаралар!. Не қып тұрың?! Құдай-ау, мынаны көргенше,
көр көзім неге шықпайды менің?! (Сырымға.) Сені өл-
тірмесем, кәпір болайын! Байла екеуін де!

С ы р ы м (ұмтылғандарга қарсы қанжар сұрып ала-
ды. Жасқап жуытпайды). Тарт! Мен өлсем, өз бетіммен
өлем!

М ө р ж а и (Карагөзді ұстап алғып). Жұзікара, жерге
кір! Жұзің неге күймей тұр, арсыз! Өлтір, өлтір еке-
үін де!

Ж а б а й. Ұста! Ұста арсызды!

Көп жұрт жабылғысы келеді. Сырым әрайсияны
қарып ұшырып, сахнадан шыға жөнеледі.

Жарылған. Мылтық әкел, ат итті! Өлтір осы жерде.

Көп жұрт шулаң қуып кетеді.

Мөржан (Қарагөзді екі кісіге үстатель). Сал кіссенді! Табанын тілің, күң қылыңдар! Бетің тілінгір, қайтіп шыдалп тұр мына бетің?

Қарагөз (есі шығып жудеген, өңі қашқан, әлсіз). Мен... мен... өлтірт мені, тірі қойма! Мен... бәрібір өлім... Ал... құдай!.. Ал мені ақ өліміңмен!

Екі жігіт қолын байлайды.

Мөржан. Кеселді, өл енді! Не бетім, не дейім енді ел-жұртқа!?

Кеткендер қайтып келеді.

Жабай. Жерге кірсең қоймаснын, Сырым! Жаратқан, мұндай итті бергеніне қубас қын, сорлы қын неге қоймадың? Жерге кірсе — қоймаймын. Қуамын, қолымнан бауыздап өлтіремін!

Асан. Ойпыр-ай, мынау не пәле бол кетті?

Жабай. Мына қызды кісемен босағана таңыңдар! Екеуіш бірге өлтіреміз. Қайда, кайда мылтық?..

Жүріп кетеді.

Нарша (жерге құлаган Қарагөзге тақап). Өзіне не болған мынаның? (Қарагөзге қадалып.) Неғып жатыр?

Жарылған. Не болғаның қайтуші едің? Енді бұл өлсін, қарасы өнсін! Қара жерге қара басым кіргенине, кетінес таңба болды ма?! (Жылап.) Мендей де сорлы әке болар ма екен?

Мөржан (талықсып отырған жерінен). Жердің үстімен келіп, астымен қайттым ба? Менің көзім тіріде мешен туған арам қызы мұны істеді ме? Әкет, Жарылған, мені таң атпай. Қара тұнді жамылып, қара тұтып күнінеп кетсейін!

Бәрі кетуге беттейді. Қарагөзді сүйемсідең, сүйретіңкіреп екі жігіт пен Нарша әкетуге айналады.

Қарагөз (көйлегінің омырауы жыртық, көзі ала-рып, жүзі есінен шатасқандай бұзылып, шашы дұдырап). Мен өлдім... өзім де өлдім... Шуламаса да өлдім... Ә... ә?

Не бол қалды осы?.. Дулат неге аи салмай койды? Сырым неге қанжар үстады?.. Мені өлтірді. Өлім... Өлім...
Нарша (тоқтап, шошыған күйде). Мынау не дейді?.. Жынданған кісіше не дейді?.. Құдай-ау, не болған мынаның өзіне?..

Кетіседі.

Пауза

Коскелді, Дәүлеткелді шыгады. Қарбалас. Қарсы алдынан Дулат келе береді.

Дулат. Не болды, жандарым? Не деп шуласың жатыр?

Коскелді. Не болсың? Өрт... Артымыз қалың шу, ерт дерсің!

Дәүлеткелді. Келді ғой бул дүниенің асты үстіне! Бәрінен жаманы — Карагөз! Есіл Карагөз!..

Дулат. Не болты Карагөз? Оны не деп аяп жатыр?

Коскелді. Сорлы Карагөз... Жынданып кетіпті жана.

Дулат. Не дейсің... Сүмдық... Жап-жана ма?

Дәүлеткелді. Жынданыпты, қайран асыл Карагөз.

Сырым шыға бере естіп қалады.

Сырым. Карагөз айым!.. Ай сәулелі Карагөзім! Не дейді, ойбай, мыналар?.. Соулем, сәулешім Карагөз!.. (Еңіреп жылап жібереді. Өзгелер үнсіз үзак жылап, өкісп-өкісп зар етіп алып, үзак тым-тырыстан соң.) Лагынет! Лагынет, лагынет болсын саган. Өсер ауылы! Лагынет сүм қадам журағатыңа сенің!.. (Кекете.) Өсер... Өсер... не өсер? Тек зұлымдық өсер несер болып сенеп! Сор өсер, ар өшер!.. Өскенде тек зар өсер сенің лагынет табаның астында (Пауза). Алдың ба тартып барымды? Аяулы сәулелем, күн сәулелі сәнімді? Өшірдің бе әнімді? Жә-жә... кетістік те кешпеске! Кешпес кекке кеттім мен де келмеске! Білем сенің де щымбайыңа батады. Алам, шашам, Өсер, сенің қалтырай құшқан малиңды!.. Судай тәгем өзгені зорлау-корлау үшін курал еткен барыңды!.. Айрандай тәгем «ақты-бозды» дейтүғын, Өсер таңбады құтыңды! Құртам мен де, аұзы қанды бөрің болам! Шай-

қаймын, қарғыс атқыр мұлкінді. Қегім... қегім... Қарагөзім! Аяулы ару ардақтарым! Арнадым саған сол әділ ашу-қегімді!..

Сахнадан жөнеліседі.

Шынылдық.

ТӨРТИШІЛ АКТ

Бесінші сурет

Сырымның ендігі мекені. Қатарласа тігілген бірнеше қос ұранқайлар. Белдеулерде айбалта, шоқпар, наиза. Сырым шыгады. Қасында Дулат, егінші шал, балықшы шал. Сырым мен Дулат қаруасынған.

Егінші шал. Карағым Сырым! Уа, Сырымжан!

Сырым. Е, немене, қартым?

Егінші шал. Уа, бір нәрссенің мәнін сұраймын, жөнін айт!

Сырым. Ненің жөні, қария?

Егінші шал. Жә, осы сен беріп жатырсың, төгіп жатырсың? Мені «Егінші шал» деп, мынаны «Балықшы шал» деп, беріп-беріп келесің. Ал енді осы непің орайы, өтесіні не болмақ? Өзің айтшы, мұлдем сұрамасқа мұршам бар ма осыны?

Сырым. Е, балан сұрамай-ақ алатыны қане? Соның жіберсең не етті?

Егінші шал. Бәсе сол, соны айт... Соңада кеп бір алды сенен, анада кеп тағы алды... Бүгін тағы шақырыпты. Жөнін сұрасам: «Ол неге берді, сен неге алдың» десем, балам жауап айтпайды. Содан соң бүгін «тәйтбылай, өзім барам, өзім сұраймын» деп келмедім бе?

Балықшы шал. Қүйі бірдің — құні бір деген-ау... Мына егінші шалдың сөзі — тас-түйін мениң сөзім. Топаторсақ болса да, тура сөз осы. Мен де соны сұрап қалдым. Сырымжан! Уа, неге шашасың, неге бере бересің осы қыруар мал-мұлкінді? Бізден не қайыр күтесің?

Егінші шал. Бәсе-бәсе, міне — бәсе, осы деймін! Біз бір өңшең қатқан кедей емеспіз бе мына тенізді саталаған? Титіғы күрганнан кеп панарап сағалаған өңшең бір шыр бітпеген аш-арық емеспіз бе?

Д у л а т . Уа, сол үшін, сендер соңдағ болғаныңін «ал» деп жүрген жоқ па Сырым.

Е г і н ш і ш а л . Бірақ менің берерім, қолқаға жарарым жоқ қой. Мынау балықшы шал болса, түп жоқ тұнғиыққа қармак салады. Қорінген көзі, кесілген ізі жоқ көленкедей балыктан бұл тілейді. Қара жерге тарыны көмін-тығып, ертеңі не болары белгісіз, тұп-тұғи-янызыз бір мәндеуден мен тілеймін.

Б а л ы қ ш ы ш а л . Айтса-айтпады, екеуміз де қайыптаң қайран күткен біз емес пе? Неге шашып жүрсің деймін дүниесін біздер үшін?

С ы р ы м . Ой, тәңір-ай, мен дүние қуып жүрмін бе? Уа, дүние мені қуып жүрген жоқ па, картым-ау?

Е г і н ш і ш а л . Ал бізді айтсаңшы! Біз тегіс «кедей-ліктің уын жесек те, арам жемейік» деген кер кедейміз. Имандай сырымыз бұл. Элде шашып-төгіп жүргенің кісінікі ме, жаттың дүниесі мә?

С ы р ы м . Қоймадың фой мұлдем, қайран адап бақырларым! Енді жөнімді айтпай болмас! Шашып-төгіп жүрген дүнием өзімдікі болмаса да, жаттікі емес.

Е г і н ш і ш а л . Ол қалай?

Б а л ы қ ш ы ш а л . Мәні қалай мұның?

С ы р ы м . Нәсілі жеті-сегіз атаға жеткен Өсердің бір жүрағаты — мениң. «Отыз ауыл Өсер дейді...» Содан менің алмаган үлесім, ортағым, еншім бар.

Е г і н ш і ш а л . Ендеше, ақы-адал мұлік екен, неге оны алмай шашасын?

С ы р ы м . Адал деп актамаймын.

Б а л ы қ ш ы ш а л . Уа, неге? Ата-мұлкің адап емей немене?

С ы р ы м . Арғы атадан бүгінгі балаға дейін жинағандары он қос жылқы болған. Санын атасам — он бес мыңға тартады. Соның көбі, бағып тұрсам, жылаған нәсілдің көз жасы дедім де жирендім.

Е г і н ш і ш а л . Кімнің көз жасы дейсін?

С ы р ы м . Өңшең қыршын жас — кор болған қыз көз жасы... Бұл ауылда қызды «қырық жылқы» деп атады. Менің көзіме де көnlіміне сол он қос жылқыда күңіреніп кеткен көп қыздың қайғы-қасіреті шұрқырап, шер күнірентіп жүргендей. Қысқасы, осындаі сан жайдан өртедім де өшіктім. Өсер мұлкіне... Сендерге адап, бұл дүние, ала беріндер!.. Қөnlің соқса — көлік ет, қарның ашса — азық ет, түре!

Б а л ы қ ш ы ш а л . Несін айтайын, Сырымжан, бұл

төніздің мынау өңірінде аты жоққа — ат, асы жоққа — ас болдың гой, қайран жас! Бірақ бәр-бәрінен сенің әнің, өнерің бізге қандай сый болды! Үйлеріміздегі ба-ла-бақыларымыз бол, сенен естіген ән мен сөзге иман-дай үйіп отырганымыз жоқ па?

Сырым. Ой, қадірлі картым-ай!.. Оның да менде бүгін қалып жүргені тек тамтығы гой.

Дулат. Бәсе, бізде бүгін ән қалып па еді?

Егіші шал. Неге? Неден онық жегенсің осы сен? Қыршын жас! Дос дедің, елім дедің бізді, «Ерім» дедім мен-дагы, міне. Енді сол сыр-шерінді айтып бер бізге, шерлі жас.

Сырым. Не деп айтам онымды... О-о-о! Жарам бар, ата-аналар. Жазылмас жарам жатыр. Сырт жарасы емес, іш жарасы. Найза жарасы жазылады, жан жарасы жазылмас... Жалғызы, жарым жарасы. Жарымды алма, жанымды ал дедім! Оны алмай, жарымды алсан, есімді қоса ал дедім тым құрса... Бірақ бұл тілекті мениң бұрын ол тілепті, жарығым... Қарагөзім!.. Қарагөзім!.. Дариға-ай!.. (Еңіреп жібереді. Пауза.)

Дулат (шалдарға). Ал естімегенінді естідін бе, екі карт?

Шалдар. Естідік... естідік...

Егіші шал. Бөлекше туған да бөлек шер буған-ау деуші ем... Жүрейік, шал, жүрейік..

Шалдар кетеді.

Дулат. Жа, тары да бейнетпен алған мол жылқыны бейнетсіз таратып беріп шықтық де?

Сырым. Алсын, алсын... Біз мал жиямыз деп жүр ме ек?

Дулат. Демесек те, өлісіп, қырқысып жүріп зорга алаңыз да, мұнда әкеліп бере-бере саламыз..

Сырым. Я, сөйтеміз. Өсердің жанына батса, мұндағының аш-арығына сеп болса — бізге одан артық не көрек?

Дулат. Сол үшін жанин кеңисек те, түк емес ле?

Сырым. Не қын жанин кештік?

Дулат. Дәл осы соңғы сапарда көп жылқышы күғаншының ортасына, соққысына түсіп зорға құтылмадық па? Өзің болсан, жан мұрынның үшінә келген көрдің. Қандайлық көз жоқ ер бол кеткенсің осы?

Сырым. Ой, койши, тәйір, не қылған срлік?

Д у л а т . Жоға рас, Сырым!.. Осы жолы бір кесел құғыншы Қарасақал қатты қыспады ма, бәрімізді? Қолында мылтық, өзі дамылсыз атады. Тінті, тіпті арсыладаған арыстан аузындаі ажал оққа қалай қарсы бардың? Бетпе-бет, құр қол бардың да, тартып алдың ғой қаруын! Ерлік емес, осы не? Жә, қайдан ғана туды осы ерлік?

С ы р ы м . Ой, ол ерлігім сыры сәл-ақ та! Кімде-кім өлімнен қорықпаса, тірліктең басқаның бәрінен қорықшайды! Мен болсам, осы өмір бітсеші деп өлімді өзім шақырып жүргем жоқ па? Ерлік емес, өлеммендік те мені жетелен жүрген. Сен мені айтпа, қайта Дәулеткелді, Коскелдіні айтсаңшы, өзінді айтсаңшы! Төртеу-ақ бола тұрып, он бес кісі жаудан жылқы тартып алдық қой. Сендер неткен ерсіндер?

Д у л а т . Уа, біздікін қоя-ақ қой! Оның сырын ескі бір нақылдан анدادым мен. Айтыпты ғой баяғыда: «Арыстан тобын ит бастаса — бар арыстан ит болады» деп (Күліседі.) Бәрін айт та бірін айт, күні-түні таңыркайтынын ол емес-ау. Осы кешегі ән мен сән, ойын-сауық, сынқыл-сұлтын, сәкәкумен жүрген біз қані?.. Ка-ру асынын, айдынды жортуыл, атусті азамат бол қалай кеттік?.. Он қайда? Эн қайда?..

С ы р ы м . Бәссе, ән қайда? Қайда калды сонау, сол? Бізді теңіз елі «әнші, өнерпаз» дейді осы күні. Эн мен жыр калды ма бізде?

Д у л а т . Әттең дессекін! Күні туар ма екен бір сол сорлы саздың бір кезек?.. Әлде кеткені ме, Сырымжан, осымен?!

С ы р ы м . Қайдан... қайдан білсейін, қайран Дулат ау?.. Сол түннен, Қарагөзден мені айырган сүмдүк түннен бастап, ыстық асау жүрегімді тастай сұық мұз бол каткан бір қатал қол уыстал қысып, бүріп алды да қойды. Жүрегім мұз, жаным мылқау болмады ма сол сұық колдан?..

Д у л а т . Айналайын аузыннан, лебізінен, есіл Сырым-ай! Асыл жаның, ақын жаның үн салын тұр ғой мінекей! Кішкентай көзеп-көзеп қана жіберсе, көзін күм басқан тас бұлактай қайнар сөз кернеп тур ғой көмейді!.. Әттен, әттен!.. Бар қайғы-шер — бір Қарагөз. Қайран, Қарагөз ару!.. Ару Қарагөз! Ол — ару, сен арыс ен! Әттен, ару — арыс қам көңілдер, арманылар. Қарғыс атсын, сендердің шерлерін атсын, қарғыс атқыр қалың мал, ку бұғау атаулыны!

Қару асынған Дәүлеткелді, Қоскелді колы байлауды
Матайды алып келеді.

Сырым. Матай? Бұл не?

Дулат. Матай?.. Бұл қайдан?..

Қоскелді. Тұрғыда отырсам, қасында өзіндегі бір жансызын ертіп келе жатыр тағы да.

Дәүлеткелді. Тағы кепті, тағы дүшпан қөзімен көздестіргелі, үстімізден тағы бір мол жауды түсіргелі кеп жүр ғой!

Дулат. Олай болса, былтырең түн жоқ титыгымызыңды күртқап. Түбімізге тағы жеткешіле, мұны тізерлеп кісіндең тұрып байларап салындар.

Сырым. Айтарты бар ма? Шынын айтқызындар әуелі.

Матай. Уа, бәсе, шынымды біл! Тілге келтірші әуелі!

Дулат. Не шының бар еді сенің?

Матай. Ендеше, Сырым, сөзім сенде, вәінде.

Сырым. Айт, менде болса!

Матай. Мені саған Нарша жіберді.

Қоскелді. Бәсе, «ұстап бер ұлыққа», «Өсер ауылна ұстап бер!» деп жіберді ғой?

Матай. Жоқ. «Ауылымға келсін, Шақырып кел, жауға бермеймін! Азамат сертім — сол. Тек ауылымға бір ғана келіп, көрініп қана кетсін. Айттар арыз-мұн бар», — деді.

Дулат. Мынау тор-шырга ғой тастап отырған. Өзі үстай алмаған соң, осылай шақыртып отырған Өсер ауылны ғой.

Сырым (Матайға жақындан). Карагез тірі ме? Бар ма Карагез?

Матай. Бар, тірі Карагез. Сол үшін, соның науқасына сен көрінсе, шыпа бола ма деп шақырамын. Менің де жазығым жоқ еді Сырымға. Бірақ мен үшін келмесін. Карагез үшін бір келсін.

Дулат (жарыса). Жалған ғой мұның бәрі. Құрулы төр, қанды қақпан ғой. Сырым-ау, мынау!

Сырым (Матайға). Карагездің көзі тірі ме?

Матай. Тірі... Карагез үшін шақырам деді Нарша!

Сырым. Карагез мені көрмек не? Әлі де көрсім бе Карагезді?

Матай. Көрсін, еріп жүр. Бастап әкел деді маган!

Дулат. Қастық... дүшиандық, алдамины аяр мына тұрган антүрган.

Сырым. Жаңың кепіл, апаратың ба алдамай Қаралғанда?

Дұлат. Сенбес, Сырым, азданба!

Матай. Қыршын жасым садаға болсын, апарам!

Дәулеткелді }
Қоскелді } Жалған; алдайды!..

Сырым. Жок, жок... Қарагөз атымен қастық келседе, қарсы алдым! Қарагөз — айым, менің әміршім! Өр зауалда табындар тәңірім. Менің бар өмірім — сол, бар махаббатым — өзі ғана. Ажал келсе де, қабыл алдым барыммен. Босат! Босат!

Матайды босаттырады.

Шылдауда

Алтынышы сурет

Наршаның отауы. Нарша наукас. Оның бас жағында жертесек. Қаралғанда тәссең. Үйде: Нарша, Тойсары, Асан.

Тойсары. Шіркін-ай, елу жылда — ел жана, қырық жыл — қазан...

Асан. Дүнис-ай десенші... Былтырғы жылдар Қаралғанда қандай еді? Аяғы, Наршаны қоса наукас қын койғаны мынау! Сырым — ол анау!

Тойсары. Сырым содан бері өз ауылшының бестің көрмей-ак кетті ме екен?

Асан. Өз ауылы дейтін ауыл калды ма Сырымда? Құні осы күнге шейін «Сырым пәлен жерде жүр» десе, Жабай мен Жарылған нісі Өсерді бастаған, қол жынын аттанып барып, бір шарлан қайтады дейді.

Тойсары. Осының жаражалысы тіпті белек-ау өзі! Жаманатты қылмын қаңғыртын жіберетін жасемес ге еді. Өр бол біткен кеудесі мен жалындаған жүргегінде көнтін біралуан от, өнер бар еді-ау!

Нарша (оянып). Үн... Сырымнаң хабар бар ма? Не ге кешігіп жатыр? Келуге сенбей жүр ме, әлде?

Тойсары. Элде жеткеніне сол болып жүр ме, кім білсін?

Нарша. Келгісі келмей, бұл жақтагы сарғайған деріт, сарылған уайымды көргісі келмей жүрмесе... (Пауз.) Бұ да бір далбасалық та. Ол ем-дом істен, баксы-

күшинаш бол жүрген жан емес. Уүн.. иеге душар қылдын,
не болдык?..

Тойсары. Басы Сырымнан басталған дерт, алде
болса, Сырымнан жазылар да!..

Нарша. Карагөз жазылмаса, маган да жазылу
жок...

Тойсары. Қайтесің, карағым... Сені де күйзелткен
жар жолдасың шығар. Ағайын: «Карагөзді тәркініне жі-
бер, тәсек жашырт, еңсенді көтер»,— деді. Ол колдан
келмейтін болды.

Нарша. Карагөзден айрылар шамам жоқ еді. Әруа-
ғымды, бағымды аман сақтаймын деп шыдап көрмедім
бе, отты бүркеп етегіммен?.. Оның бәрінің үстіне, қандай
ынтық ем мен өзім де Карагөзге. Ол сұлулық гаяндары
емес по еді?! Қа-а-ай-тейін?!

Карагөз кіреді. Өлердей жудеу, зорға қозғалады. Шашы тал-тал
боп бетін жапкан. Ыңырып ән салып келеді. Жүзінде мағына жоқ.
Көзі белгісіз қыдырып қарайды. Колында жапырағы бар ағаштың
бұтагы. Карагөз жынданған.

Қарагөз (*айнала қарал тұрып, өз-өзінен*). Тогай-
ға бардым... Тағы барам ба?.. Тогайды қуалап кете-кете
барып... азынаған көрге барам ба?! (*Күліп*.) Тогай да ән
салады екен. Жібек шапаны бар... Бірсес жел бол кете-
ді. Торғай болып кетеді. Жоқ-жоқ... шөл бол кете ме?..
Әлденеме бол кетеді. Үйкым кеп кетеді... Тогай... жапы-
рак... тогай түн... (*Шошып*.) Ойбай... пышақ... кісен...
оже!

Нарша. Карагөз, қиналмасаңы, бишара!.. Әлің
біткен жоқ па еді? Не шамаң қалды?.. Жүргүре де жара-
майсың... жатсаңыш!..

Қарагөз (*сөл селт етіп*). Жат деймісің, тілінді
алайын ба?

Нарша. Ал тілімді! Байғұс, сенің менен басқа жа-
нашырың бар ма? Керек десе, менің шешем де мені де
жындаңды деп, екеумізден құтылғанша асық болып
отыр.

Тойсары. Шешене ой тустығой.

Нарша (*Карагөзге*). Карагөз... шаршадың, шамад
бітті. Жат енді!

Қарагөз (*ақырын ілбіп жүріп*). Қазір... қазір...
(*Бетіне жапырақты үстап*.) Тогай ішінде көрге жатқалы
келем (*Төсегіне отырып*). Ақыретке оранайын ба? Ән
салайын ба?

Өз бетімен ынырып ән салып отырады. Аздан соң қайта шырын кетеді.

Нарша. Құданың құдірсті, ауырғаннан бері аузынан «төфай, көр» деген сөз бір түснейді. Бетінді сұykқа салып, жүргегін мұздай жат болып жүргенде де ибамен «сіз» деп сөйлес, иіліп күткеніңнің өзі-ак мені үйтын еді. Еркіне болып туып, срекше болып сөнгенің бе? Шынымен жарық күндей болып басталған өмірің қара түндей болып құлазып, жүдел біткені ме?!

Тойсары. Бәрі рас... Жалғаны жоқ сөз. Бәрі арманды дүние!..

Нарша. Эй... болмайды! Шама жоқ. Мен де үзамайтын жанмын. Жазылса, Карагөз мені де жазар. Ол жазылмаса, тілсер тілек, етер үміт жоқ. Тының бітіп келеді.

Карагөз (қайта *kіріп*). Жығылып барам... Ұйықтайын ба? Өлсем бе?.. Құлағ кетсем, тау басынан үшін келем... жерде төгай... төгай... көп төгай?.. (*Сыбырлап, төрге қарал ақырын жүріп, қолымен шарал қып.*) Шақырады... нә, нә, барам... Келе жатырмын... төгай... (*Асанның устіне келеді.*) Э... қайда кетті?..

Асан. О не, карагым, Карагөз? Шатасқаның гой.

Карагөз. Солай ма? Шақырған жоқ қой... (*Tойсарыға қарал.*) Ұят-ай! (Бетін басып. Асанға) Асан?...

Асан. Жаңа кісі таныдың. Кей уақытта танымай коясың. Танып жүрсөңі осылай!

Нарша. Кісіні таниды, бірақ елемейді. Танығанын білдірмейді. Эйтпесе онашада «кім келді, кімді көрдің» десең, бәрін айтады. Біралуан қылып берген дертіғой.

Карагөз (*Асанға*) Асан... маған... (*Наршаны көрсетіп.*) Ана кісіге ән салып берші. Ән... ән... (*Төсегіне сүйенеді.*)

Нарша. Асанды көрген сайын «ән сал» дейді. Ескі күннің бұлдырып бір үшкыны да.

Тойсары (*Асанға*). Қоңылдері серісін, салып бер бір әнді.

Нарша. Ун... Асан, айтшы бір ескі әнінді?

Асан (ән салады).

Жігіттің бар тілегі — алдаты әмір,
Бозбала, әнгесалсаң — қайғың кемір.
Құданың бергеніне сансыз шұқір,
Қоңылым былтырығыдан биыл тәуір.

Нарша. Былтырғыдан тәуір болған көңіл адыра
қалсын да!

Асан. А... Олай болса, мынаны тында!

Шүкірлік бергенің зұлжалалым,
Ойында еш нәрсе жок бозбаланың.
Тарқатып жас дәуреннің жәрменкесін,
Шетіне шығып қалдық ду базардың.

Тектикары.

Тектикары. Сен не деп ән салып отырсың? Бұл үйгесенің
дігі жетнегені он бе еді?

Тойсары. Бәйбіше, әдейі айтқызып отыр.

Нарша (Асанға). Дәурен өткен соң, ән де ажарынан
айрылады екен-ау. Тіпті бұрынғы тottі ән сиякты
болып селт еткізбейді.

Тектикары. Ән еститін бізде не көңіл қалды? (Күрсінеді.)

Нарша. Жаратқан ие, айығар ма, бұл тұман сергітін
күн болар ма? Мен де адам санатына косылам ба?
Жоқ па? (Күрсініп.) Неге келмей жүр, келмей ме әлде?

Тектикары. Қарағым, тыныштық ал. Жаңа бір-скі атты
келе жатыр еді. Асан, білші, кім скен?

Тойсары. Асан, білші, кім скен?

Асан шыгады.

Тектикары. Қарагөзге іstemеген ем жоқ. Баксы-балгер,
кожа-молдалардан келмегені, бақнагаша жоқ. Віз дс
тоздық. Бишара — бұл да тозбай ма? Шошитыным — на-
ғашы шешесі осындай науқастан өлілті гой... Бір жа-
ғы,— қайғы десендер, шошынғанынан болса да, сол ана
жағынан келген дерт те бар гой...

Нарша. Апа, қойсацшы! Мен ауырлаймын. Осын-
дайды әдейі айтамысың, бишара? Оңсыз да тынысым
тарылғын, үміттен арылғы болғам жоқ па?!

Сырым, Асан, Дулат, кіреді.

Сырым (Қарагөзді көріп). Жалғызым!.. Сені, бұл
күйде көргеше, шыққыр көзім шықса етті!.. Нені күтіп
жүргемін мен! (Қарагөз ыңғырсып ән салғандай бо-
лады.)

Қарагөз (Сырымды көріп). Жылайды екен... Иә,
иә... (Қадалып қарап.) Қызыл шалаң қайда? Тоғайдада...
тоғайдада!..

Дұлат (*Toïsarыға*). Оңалайын дегені бар ма?

Тойсары. Осы қалып той басынан. Ендігі күнде те-
мендер бара ма, қалай?

Нарша. Сырым, замапың бір құрбысың. Құдай
кешсе, мен кештім... Кешпейтін не шамам бар? Бұл күн-
де қайғылы, дерпті — жалғыз Карагөз емес, мен де осы-
ның ауруынан екіталайдың үстіндемін. Естіп жатқан
шығарсың. Сен екеуің өзге жашнан блек жарадын ет.
Карагөздің сау күнінде айтқан сездерінен сезуші ем.

Сырым. Жас күнімізде бір аурудан екеуміздің де
шешіміз өлді. Өлген анамызды жоқтарап, ексеміз оңаша
жер болса, ун косып жылаушы едік. Сол құймен ерсек
болдық, ер жеттік. Бір жылы қыстығұні Карагөз ауыл
қыдырамын деп, қатты сұык боранға кез болып адасты.
Іздеген жұрт таплады. Боран үш күн, үш түн айықлады,
Карагөзден ел құдерін үзді. Ауыл ізлеуден қалды. Сонда
сол қүндер күні-түні тыным алмай мен ғана іздедім.
Үсіндім, таптым. Аман алып қалдым. Өлім аузынан алып
келдім. Сол жолы мен ішімнен Карагөзді өзім үшін тап-
тым деп ем. Ол жыл былтырғы өткен жылдың қысы еді.
Бірақ өзімнің ешкімге мойынсұнбаған көніліммен: «біз
акыреттен табысып келдік» — дедім. Ақырында, ұшыра-
дым, ұшыраттым!

Нарша. Бұл күнде Карагөз — мынау! Екеуің бір-
біріңе қайғы үстінде сүйсу болып едің. Өзінді танытын
көр. Ескіні есінетүсіріп көрши!

Тойсары. Иә, есіне салса, бірдеме болар ма еді?
Енді бауырына тартып, ой салып көрши!

Асан. Сырым, шақырып көрсөң қайтеді?

Текті. Иә, шақырып, қасына алып көрсөң... Атынды
айтсан, бірдеме дер ме еді әлде?

Дұлат. Есіл алмадай перизат! Жүзіне қарауға жан
шыдамайтын болғаны-ай! Сырым! Карагөздің көзін кө-
ріп отырсың той!. Бірдеме десенші!

Сырым. Не дермін?.. Карагөз есінен шатастын, мен
тентіреп құшинаш болам деп, бойы сергек кісі болып, тірі
қалып өмір етем деп ойлан па ем? Жаратқан не, неге
ұшыраттың мені? Не қылдың? (*Toқтап отырып.*) Соғлем
Карагөз, мені тапимысың? Мен қасына барайын ба?
Мен — Сырым... ұмыткан жоқпышсың?

Карагөз (*қолындағы бұтагын бетіне үстап*). Тогай...
мынау әжем... сен Сырым... ән салшы! (*Қадалады.*)

Сырым (*қасына келіп, қолын үстап*). Эн салсам,
мені есіне аламысың? Сөйлесемісің менімен?

¹¹ Карагөз (*мағынасыздау*). Иә, иә... Эн салшы. Мен сені білем.

Сырым. Сәулем, көлеңкем!. Кайғылы, дерпті қартығашым!.. (*Жылап.*) Сен кеткен соң, менен өлең мен ән де кетіп еді... Айтсам — жылау үшін айтушы едім... (*Жылай отырып, өлеңмен сөйлейді.*)

Дарига дәурен өтті, күнім бітті,
Оқ тиді; ұшырадық — қарғыс жетті,
Бұл күнде сор қамаган қаралы бол,
Қөпілді қайғы басып зэр еңіртті;
Лашын см қүйқылжыған, дерт қүйзелтті,
Айрылдым асық жардан күн сәулетті.
Семген ғұл, өлген бұлбұл қайғысынан
Қайырылып қос қанағым, ажар кетті.

Карагөз анырып, өнді қашып, қарап қалған.

Мен келдім зарга толып, күнім, сағай,
Бір ауыз сөзін бар ма айтар маған?
Жылайын, жылайын да тілсейін мен,
Қөзімде жас қалмасын ағызбаган;
Бұлбұлдай сайрауменен өтейін мен,
Сор басып, айқласа қара тұман;
Бір кезде сері болсам ерке бұлан,
Бұл күнде қайғы оралды қара жылан.

Карагөз (*Сырымға тәніп, үні әлсіреп қалады*). Иә, иә... Осылай... осылай болатын.

Сырым (*Карагөздің қолын сүйіп, көзіне басып*).

Боялсын омырауым етек толып,
Қайғыдан мен де өртендім — міне солып;
Тілеймін маған-дағы сол күн келсін,
Тогайда, сондай қара тұні болып!

Карагөз (*қатты шошынып, айқайлан*). А... тоғай,
Сырым... Түн... ән... ән — әжем шақырады... шақырады... (*Шалқасынан сіргесіп жыгылады. Сырым шошып отырып қалады.*)

Тойсары. Өні бұзылып кетті ғой. Карагөз бишараңың әлі құрыды ғой деймін. Енді қинамасақ та болатын ба — немене?..

Нарша (*тәсsegінен басын көтеріп*). Құдай-ау, үзіліп барады ғой (*Жылап.*) Бір ауыз жылы сөз... жалғыз ауызғана «кептім» деген сөзді естімей қалғаным ба?

Талықсып жыгылады. Карагөз үзіліп бара жатады.
Тойсары иман айтады.

Тек ті (ақырын жылап). Сорлы, шын-ақ сорың қалып, сор маңдай екенсің гой. Маңайында жыламаган жаң қалдырмаганың нә? Я, құдай, әлде осының қарғысына үшырадым ба?

Той сары. Ұзілді... Қарагөз қайтпаес жолға сапар шекті.

Сырым (ундемей түнеріп отырган қалпынан қозгалып келіп, Карагөздің басын құшақтан). Сөлем, есіңнен айрылған күнде де тілеуің менде скен рой. «Басымда Сырым отыратың күнге жеткіз!» деп тілек тілсеген бе едің? Мен де актайын енді тілегінді. Өмір баки мән де «бір сен» деген тілеумен өтейін! Дулат, сен менің қарусайманымды ал да, теніздегі елге қайт! Үміт үзіліп, тілеу кесіліп, белім сынған күйімді айт! Әлде тірінің қатарында жоқ болармын. Ал егер адам бол қатарға қосылса — табар елім сол болар! Бүгін мені қуған жау енді мені Қарагөз қабырының басынан табады. Енді Қарагөзде ешкімнің ортағы жоқ, Қарагөз менікі! (Еңіреп жылап, үстіне жығылады.)

Нарша (шүғыл түршігіп, қозғала беріп). Неге?! Неге?! Неге олайша дедің сен, Сырым?! Ортағы жоқ! Бәсе, ортағы жоқ ешкімнің? Тек саған ба, маған ба? Жетисеп пе еді?.. Енді де менен бөлмек пе ең? Жетті!.. Же...(Ұмтыла беріп, бұлығын жастыққа сұлқ құлайды.)

Шымылдық.

Жетінші сурет

Кеш батқан бейуак. Анда-санда алыста күн жарқылдайды. Елсізде жаңалыз мола — төрт құлакты бейт. Бейт ішінде жалғыз қабыр.

Сырттағы дауыс:

Жасымда шешемді алдың қуат берген,
Өмірдегір жетімдік — барым көрген;
Куалышым, жаң серігім, Қарагөзім,
Сүйенішім — оны да алдың жанымға ерген.
Арманда күнім етті қайғы-зармен,
Қалтап жоқ жаңда қуат, бойда дәрмен;
Бейуактың тұн жамылып тілейтінім, —
Өлсейін, орын беріші қара жерден!

Бейттің есігі ашылады. Келген — Сырым.

Сырым (жүдеп сарғайған, жалаң бас, есіктен қаралап бірталаң тұрып). Қырық күн!.. Қаралы қайғымен, жылаумен қырық күн отті. Алдақашан өлермін... ит өмірден кетермін деп едім, әлі күнге мен арсыз тірімін... | Қімді күтем, нені медеу қылам, не тілеймін? (Бейіттің ішіне кіреді.) Баяғы қабыр, әлі де баяғыдай нық басып бітеуленіп жатырсың. Бір топырагың шашылған жоқ. Бір жеріңе жік түсіп, жалғызымың бір тыринағың көрсеткен жоқсың. Откепіне жеті күш толғанда түсімде көріп ем. Енді белгі беретін күні бүгін шығар... Қырқы толған күні бір рет ескермес пе екен. Өтті доурен... Тарқады той. Той үстіндегі әннің арты қаралы дауыска айналды. Сен көтере алмадың, көштің! (Кабырдың құшақтап жығылып.) Жарығым, сінді мен қайтейің?.. Қайтейін, бірдеме десенші! Міне, екі үзіліп бүктеліп жатқан жатысым. Бүгін танда бірдеме айтласаң, осы қалыпта қабырыңды құшақтап жатын, аштан қатып өлеңін. Бар тілегім — өшемін!

Қабырды құшақтап жабысып жатып қалады.
Ұйықтап кетеді. Түсіне Карагөз кіреді.

Карагөз (баяғы сау, сұлу қалпында, Нажағай, күн күркірейді). Ей, Сырым!.. Жалғыз-ақ сөз тапсырамың. Сен еркексің. Еркек бол да екеуміздің басымызың акта! Сенің бойында оған жетер қуат бар. Сен жалындаған жанды сөздің иесісін. Қоңлінді бекітіп, күйіне түссең, сенің аузыңнаң өрттей ыстық сөз шыққалы тұр. Бу белінді бекемірек!.. Шеш күрмелген тілінді! Мені де, өзінді дс акта! Тапсырамың осыны! Сынған ер жамалады, сыйны біткен көніл қайғысын сөзбен жазады. Сенің дауысың биік қалың тоғайдың басын тенсeltкен катты дауылдай аңқып ессін! Сенің бетіне тура қарап жау болмас. Дауыл мен жауында жай ұшырган жапырақтай болып өшиеді, жоғалады. Шеш тілінді! Оян, і серпіл! Сейлे!.. Сейлес!.. (Жоғалып кетеді. Сырым үйқыдан ояңған. Түс айыққаң. Бірақ күңінене толқып отырып.)

Сырым. Рас па, күнім, рас па? Жалғызым!.. (Көтеріліп.) Айтқан сөзің ем болар ма? Құздің суық қара түнінде ішімде күн турандай болғапы қалай? Жаз исі шығып, қара тастай қатып-семген көңлім, мұз бол қатқап жүрегім жібігені қалай?.. Бойым балқын игендей, жас жанымның қайғысы қаралы жүзімен ағарғандай! Діріл қағып, елбіреген домбыраның шегіне ілінген күй-

дай болып, ішімде қайғылы, мұнды күй ояңғаны қалай?..
Қара түнде қара жыландақ қайғы оралып, қара көрді
тілегенімде алды-артымда шам жаңып, басыма кең сөз
қатты. (*Өлеңмен сөйлей бастайды.*)

Көк сөгіліп от төкті,
Жай отымен нұскар ма?
Баратұғын сол бетті.
Сен жарық ед, мен — көлеңкес,
Күдірет қуып сорлы стті!

(*Серпіліп түрегеліп.*)

Күйіл сөзім, күйім сөзім, қылмай,
Таудан акқан тас бұлактың сүндей;
Ортқып ойнап, көбіктен де аспанда,
Ішін тартып аласұрған қүйіндай.
Жалыныңдай түндегі әрттің жаланышы,
Жансын жаным, ақсын қаным тыбылмай.

(*Кабырга қарап*).

Қара түнде қабырының басында
Ант етемін бүлт басқан айыма;
Сертім осы, күә болышы, сұық көр,
Енді өлмеймін тіпті қарап жайыма!
Қепілім бол, кереметті қуанышым,
Кару ұстап аттанамын жауына!
... Менің камшым оқ жыланнан өрілген,
Қолда наизам жай отымен үштелген,
Кесілгеше, кесілгір тіл, сөйлем бақ!
Күдіретім, қылғыма күә болышы, сұық көр.
Енді өлмеймін тіпті қарап жайыма!
Қепілім бол, кереметті қуанышым,
Кару ұстап аттанамын жауына!!
... Менің камшым оқ жыланнан өрілген,
Қолда наизам жай отымен үштелген,
Кесілгеше, кесілгір тіл, сөйлем бақ!
Күдіретім, қылғыма күә бол!!!

Есендіреп, шалқайып барып бейіттің қабыргасына сүйеніп, сәл тұрып
калады. Аз тым-тырастан соң шығып кетеді.

Шымылдық.

Соңы